

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РМҚК «Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ»

**КӨКШЕЕВА ЗАЙНИ ТАЛАСҚЫЗЫ**

**«МУЗЫКАЛЫҚ ТЕОРИЯ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ  
ҚҰРАЛЫ**

(- 050106 – «МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ» ЖӘНЕ 050102 – «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ  
БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ» МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША)

АҚТАУ-2011Ж

УДК 78(0,75.3)  
ББК 85.31 7  
К: 67

(- 050106 – «Музыкалық білім» және 050102 – «Педагогика және бастауышта оқыту» мамандықтары бойынша «Музыкалық теория негіздері» пәні бойынша оқу құралын дайындаған: п.ғ.к., доцент Көкшеева З.Т.

Көкшеева З.Т.  
Музыка теориясының негіздері: Оқулық. Ақтау, 2011. – 67бет

Пікір жазғандар:

А.Тарақұлы ат.өнер мектебінің директоры,  
Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері:

Батыршиева Р.М

Маңғыстау гуманитарлық  
колледжінің директоры, педагогика  
ғылымдарының кандидаты:

Ушакова А.В

ISBN 978-601-7276-51-5

«Музыкалық теория негіздері» атты бұл оқулықта музыканың қарапайым ілімдері жайлы толық теориялық мағлұматтар, жалпы музыка өнері, оның оқушы-жастар тәрбиесіндегі мүмкіншіліктері мен мектептегі музыка сабағының және сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың құрылымы, түрлері, ұйымдастыру формалары т.б. толықтай қамтылған. Оқулықты бастауыш мектеп пен өнер, музыка мектептері, сондай-ақ, педагогикалық және музыка колледждерінің оқушылары мен ұстаздарына пайдалануға болады.

УДК 78(0,75.3)  
ББК 85.31 7

ISBN 978-601-7276-51-5

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ

## Музыка туралы жалпы ұғым.

Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі.

Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Осыған байланысты болашақ ұрпаққа оқу және тәрбие беру мекемелерінің алдына қоятын ең басты мәселенің бірі - өркениетті, адамгершілік сезімі дамыған, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын өресі биік, рухани жан дүниесі бай, жан-жақты, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Оның ішінде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде, музыка сабағында және сыныптан тыс түрлі шаралар негізінде, музыкалық жұмыстар арқылы ұлттық мәдениеттің қыр-сырын келешек ұрпаққа меңгерту, міндетті түрде тәрбиенің маңызды проблемаларының бірі болып саналады.

Музыка өнері көркемөнердің көне түрлерінің бірі және ол болашақ ұрпаққа мәдени-эстетикалық тәрбие беруде шешуші роль атқарады. Музыканың тарихы мен эволюциясы қоғамның даму процестерімен тығыз байланысты. Сондықтан да әр заман өзінің тіл өрнектері мен жаңалықтарын әкеліп отырған.

Бүгінгі таңда көптеген музыкант – педагогтар (В.Н.Шацкая, О.А.Апраксина, Н.Л.Грозденская, Ю.Б.Алиев, Л.У.Алимова, Д.Б.Кабалевский, К.П.Португалов, В.К.Белобородова және т.б.), совет мектептің қалыптасуы мен дамуына өздерінің тәжірибелік қызметтерін арнаған балаларға жалпы білім беретін мектептерден музыкалық тәрбие берудің көптеген теориялық мәселелерін дайындап (Құлманова Ш.Қ., Балтабаев М.Х., Ұзақбаева С.А және т.б.), музыка өнерінің терең тәрбиелік мүмкіндіктерін, жас ұрпақтың адамгершілік сенімдерін қалыптастырумен тығыз байланыстырған.

Солардың ішінде В.Н.Шацкая, оқушыларға идеялық-адамгершілік тәрбие беруді музыканың мәнін, маңызын, аша отырып, музыка арқылы тәрбиелеуде жетістікке жетудің міндетті шарты, тәрбиелік және көркемдік міндеттірінің бірлігі болып табылатындығын атап көрсетеді.

Автор жалпы білім беретін мектептердің музыкалық тәрбиелік жұмыстарын өткізудің әртүрлі формаларына талдау жасап, лайықты музыкалық материалдарды пайдаланған жағдайда және психиканың сезім, елес, ерік және мінез сияқты жақтарын, дамытқанда, музыкалық тәрбиеде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда мүмкіндігін дәлелдейді.

О.А.Апраксина өзінің теориялық еңбектерінде жалпы білім беретін мектепте музыкалық білім берудің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырса, Н.Г.Грозденская балаларға музыка өнері арқылы тәрбие жұмыстары мәселелерін, оқушыларға адамгершілік-идеялық, эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлін, сабақ процесінде оқушылардың сезімдері мен қиялдарын дамытудағы мәнін жан-жақты ашып көрсетеді.

Қазақ музыкасының тарихи даму жолында ұлттық өнердің өшпейтін классик. шығармаларын тудырған дарынды күйші-композиторлар шықты.

Аты аңызға айналған Қорқыт (ҮІІІ-ІХғ-лар), музыкалық нота жазуының алғашқы үлгілерін ойлап тапқан Әбу Насыр әл-Фараби (870 — 950), ХҮғ-да өмір сүрген Қазтуған мен Асан қайғы — қазақтың өткендегі дамыған музыка мәдениетінің дүлдүл өкілдері болып табылады.

Музыканың теориясы мен музыкалық аспаптарда ойнауда Әл-Фарабиге тең келер жан болмады деп жазады Ибн Аби Усайбиға.

Шығыс философтарының еңбектерін қарастыру барысында сопылық музыкалық теориялар мен көне түркілік дәстүрлі көзқарастардың байланысы нақты деректермен дәлелденеді.

Әл-Фарабидің музыка теориясы бойынша жазған «Музыканың ұлы кітабы» (Китаб ал-мусики ал-кабир), «Музыка жайлы ғылымның элементтері туралы кітап» (Китаб устукат илм ал-мусика), «Ритмдерді класқа бөлі» (Китаб ихса ал-ина), және т.б. еңбектері жатады.

«Музыканың ұлы кітабы» атты трактаты оның шығармаларының ішіндегі бірден-бір негізгі туындысы болып саналады. Бұл шығарма 1930-36 жж. француз тіліне, ал 1967 ж. Каирде араб тіліне аударылған болатын.

Кітапта музыканың тарихы, табиғи заңдылықтары, дыбыстардың табиғаты, әуені, оның реті, жеке дауыстан көп дауысқа айналу құбылысын талдаған және дыбыстың нотаға бөліну заңын зерттейді.

Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» үлкен-үлкен төрт тараудан тұрады. Олар: музыка теориясына кіріспе; музыка туралы ғылым бастамасы; музыкалық аспаптар; музыкалық композиция.

Ал «Музыканың ұлы кітабы» атты негізгі бөлімі, әл-Фарабидің өзінің тұжырымдамасы бойынша, Евклидке еліктей отырып, оның «Музыка туралы ғылымының бастамалары» деген шығармасына негізделіп жазылады.

Әл-Фараби: «Музыкалық теорияның негізгі объектісі табиғат немесе адам қызметінің нәтижесі ретінде болатын музыкалық мәнді зерттеу болып табылады» - деп жазды. Ол индукция әдісін қолдана отырып, іс жүзіндегі музыканың тәжірибесі ойланудың шығуына ықпал жасайды, ал седукция әдісін пайдаланып, тәжірибе жолымен мәліметтерге қорытынды жасай білу, қажетті салдардан қорытынды шығара білуге әкеп соғады деп, логикалық ойлаудың негізгі екі әдісі индукция мен дидукцияның арасындағы өзара органикалық байланысты көре білген.

Музыка теориясын терең зерттеу арқылы табиғат пен өнердің объективті заңдылықтарын зерттеуде математикалық әдістерді тиімді қолдануға болатындығын көрсетті.

Д.Б.Кабалевскийдің мектеп оқушыларының музыкалық тәрбиесіне, оны адамгершілікке тәрбиелеудегі өзара байланысына қосқан үлесі өте зор. Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау музыканың жеткіншектерге тәрбие берудегі ықпалының зор екендігін көрсетеді.

Музыка өнерінің функциясы көпжақты. Бұл функциялардың бәрі өзара тығыз байланысты, «музыка тіпті тек таза қолданбалы немесе көңіл көтерушілік рөл атқарған жағдайда да, ол тыңдаушыларын тәрбиелейді, яғни олардың рухани дүниесін қалыптастырады және өзгертеді», — деп атап көрсетеді А.Н.Сохор. Музыка ең алдымен, тыңдаушылардың эмоционалдық

сезім өрісіне ықпалын тигізеді. Музыка адамгершілік жағынан жетілдірілген тұлғаның эстетикалық негізін қалауда ерекше роль атқарады және адамның қоршаған ортаға деген түрлі сезімдерін білдіре алады.

Жалпы білім беретін мектепте жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесі әртүрлі құралдар арқылы, соның ішінде музыка өнері арқылы жүзеге асырылады, сондықтан да ол «күрделі қоғамдық қатынастарды түсінуді жеңілдетеді, моральдық қатынастарды қабылдауға негіз болады».

«Музыка – алып ұлы күш. Ол адамды сүйеге және жек көруге, жазалауға және кешіруге мәжбүр етеді», – деп пайымдаған.

Музыка өнерінің бұл ерекшелігі *біріншіден* эстетикалық тәрбиенің мазмұнын анықтайды. Эстетикалық саланың өзекті мәселесі сұлулықты сезіп, бірге түйсіну болып табылады. *Екінші* жағдайда ең бастысы патриоттық мазмұнды жете түсіну болып қабылданған сезімдік – образды бекітуге эмоционалдық жай-күй көмектеседі. Бірақ екі жақтың тәрбиелік ықпалына да сезім мен ойдың өзара әрекеттестігі себепші болады және осы процесті бағалай білетін танымның ерекше түрі пайда болады.

Музыка өнері арқылы түрлі бағытта тәрбие берудің бірлігі де, айырмашылығы да, осында болып табылады.

С.Л.Рубинштейн: «адам сезімдерінің жиынтығы – ол негізінен адамның дүниеге және басқа адамдарға қарым – қатынасының жиынтығы», – деп дәлелдейді.

Музыканың адамға белгілі бір мақсатта әсер ету ерекшелігі ең алдымен, «музыка оның сезімдерін дамытады және тәрбиелейді адамның барлық психикасын белсендендіреді қоғамдық мәні бар құндылықтарға бағыттайды, сондай-ақ, оны еркін әрекеттегі дайындығын арттырады».

Демек, музыка өнері арқылы тәрбие беру процесінде екі салада қарастырылады.

*Бірінші жағдайда*, ол тәрбиенің пәні ретінде қызмет атқарады, оның мазмұны болып заттар, адамдардың іс-әрекеттері саналады.

*Екінші жағдайда*, музыка өнері тәрбиенің құралы болып табылады, осы музыкалық бейнелерді терең эмоционалдық түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

«Өнер-білім бұлағы» дейді халқымыз-өнердің қай саласы болса да адамдарға рухани күш-жігер беріп, ерекше қуаныш, сүйініш, толқу сезімдерін оятады. Өнер саласының бірі-ол музыка.

Музыка дегеніміздің өзі балаға музыка тілімен жетеді. Музыка арқылы бала тәрбиелік және білімділік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның моральдық бейнесін қалыптастырады. Музыка баланың жеке басының адамгершілік сезімдерін дамыту үшін қажетті жағдайлар туғызады. Баланың музыка өнеріне деген қызығушылығының ерекшелігі оны ынталандыру ерекшеліктерімен байланысты.

Оқу пәндерінің мазмұнымен байланыстағы ынталандыруға ол мыналарды жатқызады: әңгімелеудегі бейнелі форманы; бейненің бірегейлігі; қосымша эстетикалық білімді ендіру; деректерді эстетикалық бағалау және т.б.

Танымдық әрекеттер мынадай ынталандырулармен байланысты болады: меңгеретін құбылысты талдау, құндылықтар, пайымдау, логикалық бірізділік, сабақтағы күтпеген жағдайдағы бәсеңдік, ұжымдық және дербес іс-әрекет түрлерінің үйлесімділігі, іс-әрекеттің ізденіс сипаты және оқушылардың шығармашылық жұмысы және соңғы, үшінші топқа сыныптағы қарым-қатынасты анықтайтын ынталандыруды жатқызады:

- мұғалімнің оқыту мазмұнына өзіндік көзқарасы;
- оқушылардың берген жауабына эмоционалдық-бағалық көзқарасы;
- мұғалім тұлғасының сабақта өздігінен ашылуы;
- оқушылардың дара ерекшеліктеріне бағдары;
- сынып ұжымындағы өзара түсіністігі.

Мұндай қызығушылыққа жоғарыда аталған ынталандырумен бірге, оқу процесінде туындайтын түрліше жағдайларды құрайтын олардың жиынтығы да ықпал етеді.

Жалпы алғанда, музыкалық тәрбиеде бір жағынан, адамның өмірдегі құбылыстарды өзіне қажетті эстетикалық нәрсені тұрғысында қабылдаудағы қабілеті мен даярлығы маңызды болса, екіншіден – адамның осы құбылыстармен байланысын қамтамасыздандыратын шарттардың болуы маңызды.

Оқушыларға музыкалық тәрбие беру барысында мектепте білгілі бір жүйелі бағытпен музыка сабағы жүргізіледі.

Музыка сабағы ән айту, музыка тыңдау, музыкалық сауаттылық, шығармашылық тапсырмалар және басқа да қосымша іс-шаралар тәрізді музыкалық іс-әрекеттің негізгі түрлерінің бірлестігінен құрылған. Сабақ 45 минуттан аптасына 1 рет, ал клубтық және үйірме сабақтары негізінен айына 1-2 рет 1-1,5 сағаттан жүйелі түрде өткізіледі. Мәліметтерді саралау, мектеп оқушыларын қазақ халық музыкасын таныстырумен байланысты сабақтарды музыка мұғалімдері, музыка мектебінің мұғалімдері ұйымдастырады, бірақ оларды қатыстыру үшін, кейде осы мектептің оқушылары да қатыстырылады.

Қазақ мектептеріне бейімдеген бағдарламалар оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беруде, оның музыкалық мәдениетін көтеруде маңызды роль атқарады.

Бұл орайда М.Х.Балтабаевтың жетекшілігімен жасалған «Елім-ай» бағдарламасын атауға болады. Бағдарламаның мақсаты – оқушылар бойына өз ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін сіңіру, ондағы әсемдікі эмоционалдық тұрғыда қабылдай білуге мүмкіндіктер туғызу.

Бағдарламаның баса көрсететін бір ерекшелігі – оның тақырыптық құрылымы. Әрбір тоқсанның өз тақырыбы бар. Негізгі міндеттері:

1. Халықтық ән-күйлерінің мазмұнымен, шығу тарихымен, авторларының өмірімен таныстыру, арқылы балалардың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, ұлттық өнер саласының мәдени деңгейін көтеру.

2. Балаларды ән-күйдің өзіндік көркемдік ерекшеліктерін көре, ажырата, талдай білуге дағдыландыру, музыкалық шығармашылық қабілеттерін (естіген әуенді есте сақтау, ырғақты ұға білу, екпінді сезе білу т.б.) дамытуға ықпал ету.

3. Ұлттық өнерлер: ән, күй, би, ою-өрнектер арасындағы (мәселен, әуен мен бояулар, әуен мен қимылдар, қимылдар мен сызықтар т.б.) өзара үндестікті, байланысты, ұқсастықты көре білуге, олардың өзіндік тілін түсініп, эстетикалық тұрғыда қабылдай білуге үйрету.

4. Ауыз әдебиеті үлгілерін (мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, қаламақ, санамақ ойындары, ертегі т.б.) ойын тәсілі және әуен жаттығуларының сөзі тұрғысында пайдалану арқылы балалардың қиялын дамытып, ойын ұшқырлау, сөз өнеріне деген қызығушылығын артырып, тілін ширату, тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу, рухани өрісінің кеңеюіне жәрдемдесу.

5. Балаларды ата-баба мұрасы – домбыра аспабында ойынға үйрету арқылы күй өнеріне деген қызығушылығын арттыру, күй өнері саласынан түсініктерін молайту, күй сазының әсемдігін жүрек сезіммен қабылдай білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның баса көрсететін бір ерекшелігі – оның тақырыптық құрылымы. Әрбір тоқсанның өз тақырыбы бар.

Мысалы:

I тоқсан – «Сары арқа»;

II тоқсан – «Тұлпар»;

III тоқсан – «Аққу»;

IV тоқсан – «Елім-ай» деп аталады.

Ол сабақтан сабаққа біртіндеп, бірізділікпен, жүйелілікпен, күрделене, толықтырыла ашылады. Төрт тоқсанның аралығында да, барлық оқу жылдарының аралығында да ішкі сабақтастық жүзеге асып отырады.

Барлық қосымша, жанама тақырыптар негізгі тақырыптарға тәуелді және солармен байланысты меңгеріледі.

Төрт тоқсанның аралығында да, барлық оқу жылдарының аралығында да ішкі сабақтастық жүзеге асып отырады. Барлық қосымша, жанама тақырыптар негізгі тақырыптарға тәуелді және солармен байланысты меңгеріледі.

Ә.Райымбергенов, С.Райымбергеновалардың ән-күй пәні бойынша жасалған «Мұрагер» атты бағдарламасы қазақ орта мектебінің бастауыш сыныптарына арналған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – ана тілін, дінін, дәстүрін, өнерін, әдет-ғұрпын, біліп, өзін халқының асыл қазысанысының мұрагері сезінетін, елін, туған жерін, ата мекенін сүйетін қазақ азаматын тәрбиелеу.

III. Құлманованың жетекшілігімен бастауыш сынып оқушыларына арнап ұлттық музыка негізінде жасалған «Ән-күй» пәні бағдарламаларының мазмұны «Ән-күй – халық қазынасы» атты барлық сыныптарға ортақ тақырып аясына шоғырландырылған. 1, 2, 4-сынып бағдарламалары нақты тақырып бойынша екі жартыжылдықты қамтиды.

1-сынып бағдарламасының 1-ші жартыжылдығының тақырыбы: «Сырлы да сазды әуен».

II-ші тоқсан: «Күмбірлеген күміс күй».

2-сынып бағдарламасының 1-ші жартыжылдығының тақырыбы: «Ән мен күй – халық үні»;

II-ші жартыжылдығының тақырыбы: «Аңыз-ертегі әлеміндегі ән мен күй».

3-сынып бағдарламасы төрт тоқсаннан тұрды.

Тоқсан тақырыптары: «Эпос сарыны», «Ақыл, нақыл, өсиет», «Айтыс өнері», «Күй тартыс».

4-сынып бағдарламасының 1-ші жартыжылдығының тақырыбы: «Қос арна», II-сінің тақырыбы: «Халық музыкасының әлемдік арнаға ұласуы» деп аталады.

Ал, "Елім-ай" бағдарламасы қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетінің, халық өнерінің өмірмен байланысын дәйекті түрде ұғындыратын біртұтас жүйені көрсетеді. Бұл байланыстарды (эстетикалық, отансүйгіштік) зерттеу ісінде халық өнерінің әлеуметтік қызметі бағдарламаның жетекші бөлігіне айналады.

Оқу мен тәрбиенің бірінші кезеңінде (балғын шақ) екі бағыт болады: балалар, ата-аналар және балабақша ұжымымен жұмыс. Бұл кезеңнің авторлар тобы (жетекшісі А. Маханова) балаларды "Сұлулықтан — адамгершілікке" (В.А.Сухомлинский) ұранымен кешенді оқыту және тәрбиелеудің белсенді түрлерін кеңінен пайдаланды.

Бұл "Елім-ай" бағдарламасы халық дәстүрлерінің ғажап айқындаушы күшіне ие терең сенімге негізделген. Бүгінде ұлттық рухани құндылықтарды сақтау мен кейінгіге берудің табиғи жолдарын қалпына келтіру аса маңызды іс. Ол жол бұзылған, соның нәтижесінде тіл бейнелілігінде (қарабайыр теңеулер мен түсініктер), музыка мәдениетінде адамдардың әнге, күйге құмарлығы кеміді; музыкалық кәсіби білім беруде ұлттық музыкалық ойлау жүйесін қалыптастыруға назар аударылмайды, эстетикалық талғамда (ұлттық мәнерде сөйлеу, киіну, қимыл-әрекет жоғалып барады), адамдар, арасындағы қарым-қатынаста (мейірімнің, ерліктің, нәзіктіктің, сенімнің, бекзаттылықтың кемуі) келеңсіз мәселелер бел алып барады.

*Жалпы барлық бағдарламаларға ортақ мақсат:* музыка өнері арқылы рухани жағынан бай, халық музыкасын өмірдің бейнесі ретінде түсініп қабылдайтын және оны сүйетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлеп, классикалық музыканы және басқа халықтардың өнерін қадірлей білетін жеке тұлғаны тәрбиелеу.

*Ортақ міндеттер:* халқымыздың музыкалық шығармашылығына балалардың сүйіспеншілігін оятып, оны құрметтеуге тәрбиелеу және өз халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері жөнінде түсініктерін қалыптастыру; балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген сезімін дамыту, оларды халқымыздың аспаптық, әншілік шығармашылығынан эстетикалық ләззат, әсер алуға тәрбиелеу; музыканың өмірмен байланыстылығын түсіндіре отырып, халық шығармашылығының көне заман мен осы заманғы сабақтастық дәстүріне балалардың назарын аудару; баланың музыкалық қабілетінің дамуына түрткі болу, ырғақты сезіну, ести білу және есте сақтау қасиетін тәрбиелеу; музыканы тыңдау және ән айту барысында музыкалық сауаттылық элементтерінен білім беру; музыка тыңдау және орындау барысында оған шығармашылықпен қарауға тәрбиелеу, қызығушылығы мен қиялын дамыту.



«Ән-күй – халық қазынасы» тақырыбы 1-4-сыныптардың әрқайсысының музыкалық материалдарынан көрініс тауып отыр, мақсаты мен міндеттері де соған сәйкестендірілген.

Әрбір тоқсандық, жарты жылдық, жылдық тақырыптарды белгілеуде жүйелілік пен бірізділік сақталып, келесі тоқсан және сыныппен байланыстырыла отырып, негізгі аталған тақырыптың мәні ашылады.

Бағдарламаға енген тақырыптар былайша жүйеленген:

1. Сырлы да сазды әуен;
2. Күмбірлеген күміс күй;
3. Аңыз-ертегі әлеміндегі ән мен күй;
4. Ән мен күй – халық үні;
5. Эпос сарыны;
6. Ақыл, нақыл, өсиет;
7. Айтыс өнері;
8. Күй тартыс;
9. Қос алқа;
10. Халық музыкасының әлемдік арнаға ұласуы.

Бастауыш сыныптарда, музыка сабағын қоршаған ортаның әсемділігін көрік, естіп отыратын, бағалай білуге арналған.

Баланың музыка жайлы түсініктерін анықтай отырып, музыканың алғашқы негіздерімен, тарихымен таныстыра отырып, таным түсінігін отырып, таным түсінігін дамытып, музыкаға деген қызығушылығын арттыруға баулу қажет.

Музыка туралы мағлұматты жүйелі меңгеру іскерлік пен дағдының қалыптасуы, ең алдымен қайырымдылық, имандылық, адамгершілік сезімнің музыкаға деген қызығушылығына бағытталуы керек.

Жалпы білім беретін мектепте-музыкалық білім беру мақсаты-оқушылардың рухани өмірін байыту, адамгершілік сезімдерін жоғары дәрежеге жеткізу, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бағалауда дұрыс бағыт беру болып табылады.

Мектептегі музыка сабағы тек қана музыка жөнінде мағлұмат беріп қана қоймай, ең бастысы-жас ұрпақты жоғары, адамгершілік және азаматтық қасиеттерге баулу болғандықтан музыка мұғалімінің алдына жоғары деңгейдегі міндеттер қойылып отыр.

Мұғалім оқушыларға музыка сабағы үстінде адамгершілік сезімдерін дамыту кезінде мектеп реперуарының шешуші маңызы бар екенін есінен шығармауы тиіс. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп алынған шығармалар ғана тәрбие жұмысына қажетті мол дүние бола алады. Олар өздеріне терең әсер етіп, талғандыратын көркем шығарманы қабылдаған жағдайда ғана адамгершілік сезімдерін оята алады.

Мысалы: М.Бөлебаевтың «Тоғай арасында», И.Нүсіпбаевтың «Жомарт елім» әндерін, Ғ.Жұбановтың «Теміртау таңы» атты симфониялық картинасын атауға болады. Бұл шығармалар туған еліміздің кең байтақ жерін, көркем табиғаты мен шаттық өмірін бейнелейді.

Музыка сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының музыкаға баулу адамгершілік сезімдердің озық үлгісін бейнелейтін орыс және шетел классиктері музыкаларының алатын орта ерекше.

Мысалы, М.Глинканың, Л.Бетховеннің, Ф.Шуберттің, Ф.Шопеннің шығармаларымен оқушылар мектептің төменгі және ортаңғы сыныптарда танысады.

Музыка сабағында бастауыш сынып оқушылары Л.Бетховеннің «Эгмонт» увертюрасын «Ерлік» атты үшінші және «Бесінші» симфонияларынан үзінді тындай отырып, адам тағыдырының басынан өткен барлық кезеңдерін сезінеді. Бұл симфониялардың халықтық рухы, күші және жігері оның кезіледі.

Бесінші симфония мен «Патетикалық сонатаның» қаралы маршында, «Жетінші симфонияның» аллегретто бөлімінде қайғы, «Алтыншы симфонияда» ашық-жарқын ізгілік сезімдер естіледі.

Классикалық музыканың үздік үлгілері әрқашан өз дәуірінің, ұлтының, әлеуметтік тобының адамгершілік сезімдерін нақты бейнелей білген.

Музыка сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытуда тигізетін әсерінің неғұрлым тиімді болуы үшін, музыка жайлы әңгімені жан-жақты ойластырып, анық мақсат қойып, дұрыс ұйымдастыру шарт.

Зерттеуші-ғалым, музыкатанушылар сонымен бірге жалпы музыка сабағына қатысты оқу материалының мазмұны оны дамытудың маңызды қайнары және оны қалыптастырудың басты шартының бірі болып табылады деп те ескертеді. Демек, тұлғаның қызығушылығын тәрбиелеудегі тиімді жолдарды іздестіруді оқу материалдарын дұрыс сұрыптаудан, оқу курсының мазмұнын жасаудан бастау керек.

*Дидактика мамандары* мазмұнды сұрыптау барысында оқу материалдары белгілі қасиеттермен ерекшеленуі керек дегенді айтады.

Атап айтсақ: *а) ғылымилығымен*, (ғылыми білімнің қазіргі деңгейін көрсету, меңгертілетін факторлар мен болмыстың терең мәнін ашу);

*ә) жүйелілігімен* (болмысты олардың дамуында және байланысында ашу, болып жатқан процестердің жалпы сипатын және себебін ашып көрсету);

*б) әдіснамалығымен* (зерттеудің ізденіс жолдарына, талдауына, қорытындысына, логикасы мен дәлелдемелерін құруда сипаттама беру);

*в) қолайлылығымен* (практикалық қажеттілікті талап ететін, өмірлік құндылығы бар элементтердің болуы);

*г) жаңалығымен* (тосыннан жаңа фактілердің, заңдылықтардың, теорияның, материалды баяндау формаларының болуы);

*д) қайталанымдылығымен* (білім мен дағдыны жаттықтыруды, бекітуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, ішінара таныс материалдың болуы);

*е) күрделілігімен* (ақпараттың жетіспеуі немесе көп болуы (қосымша деректер іздеуге себепші болатын немесе жетекшіні анықтайтын және материалды қорытындылайтын), мәтінаралық байланыстың жеткіліксіз болуы, меңгеруге қажетті білім, дағдының шектеулілігі);

*ж) шектеусіз көлемділігі* (мазмұнын жаңа фактілермен толықтыруға, кең көлемде қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қосымша материалдың болуы).

Бұның бәрін оқу пәні мазмұнына қойылатын жалпы дидактикалық талаптардың қатарына жатқызуға болады.

Алайда, осы арада көркем-эстетикалық циклдағы оқу пәндерінің мазмұнын жасауда олардағы пәндердің ғылыми-жаратылыстану циклындағы мектеп пәндеріне қарағанда өзіне тән ерекшеліктері болатынын да ескеру қажет. Оқу материалдары мазмұнының аталған бағыттары бастауыш сынып оқушыларына арнап музыка материалдарын пайдалану арқылы бағдарламалар жасауда мұқият ескеріледі.

Қоғамдық ғылымдарының дәлелдеуі бойынша ұлттық тәлім тәрбиенің негізіне сай ұлттық ойлау сана-сезімі, ұлттық мәдениет қалыптасуы тиіс.

Ұлттық даму ерекшеліктерін ескермеу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді білмеу, әрбір адамның адамгершілік қасиетінің жойылуына, олардың азғындауына әкеп соқтырады, оны болдырмаудың ең басты жолы - жүйелі білім мен тәрбие беру, нақтырақ айтатын болсақ, баланы жастайынан өз ұлтының тіліне, музыкасы мен өнеріне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, мәдениетіне баулу, яғни мектеп оқушыларының оқу-тәрбие үрдістерінде халық музыкасын көбірек пайдалану.

Дүние жүзінде, оның ішінде қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық, қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Әсіресе ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан фольклор, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы оқушылардың жеке бас қасиетін дамыту мүмкіндігіне барынша көңіл бөлінгенін ғылыми-зерттеу еңбектерден аңғарамыз.

Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылғалы ұлттық мәдениетті қайта өркендету мәселесіне аса назар аударылып отыр.

Мұны Үкімет пен Білім Министрлігінің осы сала бойынша қабылданған қаулы-қарарлары мен құжаттары “Мәдени мұра” бағдарламасы, негізінде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік іс-шаралар дәлелдейді.

Ұлттық мәдениеттің қыр-сырын келешек ұрпаққа меңгерту, міндетті түрде тәрбиенің маңызды проблемасының бірі болып саналатын жалпы білім беретін оқу мекемелерінде жасөсірімдерге музыкалық білім беруді қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

Осы орайда, халық музыкасы жеткіншектерге жан-жақты тәрбие берудің тапсырмалары болып табылады, ал оны жүзеге асыратын болашақ бастауыш сынып мұғалімінің, музыка пәні мұғалімдерінің, жалпы алғанда, болашақ оқытушы-мамандарды даярлаудың маңызы өте зор.

Халқымыздың ұлы перзенті Абайдың: «Артыңа із қалдырғыңыз келсе, кейінгі ұрпаққа адамгершілік нұрын сеп, білімге тәрбиеле, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» - деген өсиеті мен болашақ ұрпақты халықтық өнер-білім арқылы тәрбиелеудің қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейді.

Бүгінгі таңда, жалпы орта білім беретін мектепте жас ұрпаққа көркемдік білім мен тәрбие беру жүйесінде көркем әдебиет, музыка өнері, бейнелеу өнері сияқты эстетикалық мәндегі пәндер арқылы оның ішінде, халықтың дәстүрлі музыкалық өнерін игерте отырып, жас ұрпақтың бойында әсемдікті қабылдау,

сезіну, өнер шығармаларын әсемдік заңдылықтарына сәйкес бағалай білу қабілеттерін қалыптастыру қажеттігі маңызды мәселенің біріне айналуға.

Қазақ халық музыкасының ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде жетіп отыруына халық ақындарының әнші-күйшілерінің, жыршыларының ролі ерекше болды. Олар қазақ халық музыкасын үлкен мереке-тойларда дәріптеген, өздерінің әншілік-күйшілік шеберліктерін шыңдаған.

Кезінде А.Жұбанов: «...салдар мен серілер ол заманғы өнердің өкілдері. Бұл күндегі әртістерше сахнаға киетін киімін чемоданға салып алып келіп, әдейі оларға арналған бөлмеде қайта киінетін жағдай сал мен серіде болған жоқ. Олар ат үстінде де, ауыл сыртында да, базарда да, жәрмеңкелерде де өнерлерін көрсетті. Сондықтан басқа кісіге алабажақ, әсіре қызыл көрінетін олардың киімдері сол сахнаға киетін киімдер. Ал олар өмірде де солай киініп жүреді. Өйткені өмір мен өнердің екеуі бірі мен бірі қосылып, ұласып кеткен» – деп жазған.

Мұндай кездесулер көрерменнің музыкалық – эстетикалық талғамын, адами көзқарасын дамытып, ұлттық патриотизмін қалыптастыруда айтарлықтай роль атқарған. Музыкалық шығармалар балалар мен жастардың ақыл-ойы мен патриоттық сезіміне әсер етіп, музыкалық-эстетикалық талғамын жетілдірген.

Қазақ халқының экономикалық және қоғамдық құрылысы, сондай-ақ оның тұрмыс-тіршілігі мен эстетикалық көзқарастары ауыз әдебиеті шығармаларында өз бейнесін тапты. Ән-күй, өлең-жыр, әрқашан да халық өмірінің ажырамас бөлігі болған.

«Қазақта әнсіз өмір жоқ. «Тойбастар» айтқан жігіт, кешкі ауыл сыртында алтыбақан тепкен қыз-бозбала, шілдехана күзеткен жас-кәрі, «Жар-жар» айтқан екі топ, елінен еріксіз алысқа ұзатылып бара жатқан қыз, өлген жұбайын жоқтаған жесір, түйеге мініп, әр үйдің сыртында қақсаған жарапазаншы, ақ киім киіп, өгізге мініп ауыл аралаған дуана, «жынын» шақырып, зікір салған бақсы – бәрі де әндетеді. Бәрі де жай сөзбен айтқанда жетпейтін сезім тасқынын ән арқылы шығарады».

Қазақ халқының ән шығармашылығының жанрлары сан алуан. Бұл – отбасылық-тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбек, лирикалық, тарихи әндер, әлеуметтік наразылық әндері, эпикалық дастандар мен аңыз-әңгімелердің музыкалық сабақтастыққа берілуі.

Мысалы, отбасылық-тұрмыстық әндерде Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті көзқарас, ойын-сауықтар, мораль, күнделікті тұрмыс қарекеті, отбасылық өзара қарым-қатынастар сипатталады, өнеге тұтар нақыл сөздер көп пайдаланылады.

Мысалы, «Мақтаншақ» әнінде шектен тыс даңғаза кербездік тәлкек етілсе, «Көксау шал» әнінде теңсіз неке айыпталады және т.б.

Оны шілдехана, туған күн, бесік жыры, тұсау кесу, жеті жас, он үш жас, жиырма бес жас сияқты елеулі сәттерге арналған әндерден көруге болады. Бұған дәлел «Бесік жыры» өлеңі. Онда:

Бармақтарың майысып, Таңдайларың тақылдап,  
Түрлі ою ойысып, Сөйлегенде сөз бермей,  
Ұста болар ма екенсің? Шешен болар ма екенсің?..

Әдет-ғұрыптық әндерге үйлену әдет-ғұрпы «Тойбастар», «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу» немесе «Қыз қоштасу» сияқты дәстүрлі әндерді жатқызуға болады. Егер, «Той бастар» әнінде үйлену тойының басталғаны жарияланса, «Жар-жар», «Беташар» күйеу жігітті, қалыңдықты, ата-аналар мен туған-туысқандарды мадақтай отырып, жас жұбайларға игі тілектер тілеп, ақыл-кеңестер берген.

«Сыңсу», «Қыз қоштасу» әндерінде қалыңдық ата-ана, туған-туыстарымен, ел-жұртымен, дос-жарандарымен, туып-өскен жерімен жастық-балалық өмірімен қоштасқан. Жасынан отбасылық-тұрмыстық және әдет-ғұрыптық әндердің ортасында өскен балалар мен жастар бірте-бірте өздерінің шығармашылық туындыларын қалыптастырады, айшықты сөйлеуге, айтайын деген ойын бейнелі жеткізе білуге үйренеді.

Қазақтардың осындай алғыр қасиетін кезінде көптеген зерттеушілер ұйқастырып айтуға, туа біткен қабілеттілігін атап көрсеткен. Оны П.Тиховтың: «Қырғыздар (қазақтар – С.Ұ.) ән шығарудың үлкен шеберлері әрі өз әншілерін құрметтейді... Қырғыздарға әнге деген сүйіспеншілік ана сүтімен енген тәрізді, әйгілі өнерпаздардың мейілінше сүйікті әуендерін әдеттегідей тез үйреніп алады. Бұл әндер ұрпақтан ұрпаққа аса қымбат сияқты сақталып, рудан руға аса қастерлі нәрсе ретінде беріліп отырады» – деген сөздері, және А.Янушкевичтің: «...мереке кезінде мен ең алғаш рет өлеңшілерді тыңдауға мүмкіндік алдым. Бұлар қазақтың трубадурлары, даланың бардтары – ұлы ақындары. Қазақтардың өлең шығаруы мен орындау дарыны осы халықтың ақыл-ой қабілетін тамаша айқындайды», -деген сөзі дәлелдейді.

«Қазақ әндері құдіретті де күшті, өктем, сонымен бірге жатық, құлаққа жағымды естіледі, – деп жазды өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында А.Эйхгорн. – ...Жапан түзде немесе ауылда, болмаса мал арасында, айдала мен жазық өңірлерде, таулар мен көсілген алқаптарды аралаған кезінде, жым-жырт аспан астында жалғыз келе жатып оның салған әні тіпті әдемі естіледі.

Түнде де, күндіз де, таңертең де, кешке де, жазда да, қыста да – қашан, қай кезде болмасын қазақ қиялсыз жүрмейді, не ыңылдаған сарынмен көңіл күйін білдіреді, немесе ән салады, әйтпесе өлең шығарады, енді бірде шежірелік сөздерді мақалдап айтумен болады. Олардың қарапайым сөздері сырт өмірден алған әсерін табиғи қалпында беріп, сезімдерін ешбір қалтқысыз айқын баяндайды».

Балалар мен жастардың тәрбиесін қалыптастыруда *еңбек әндерінің* мәні ерекше болды. Олардың мазмұны балаларды еңбектің түрлерімен, әрекеттерімен таныстырды, халықтың ауыр тұрмысын суреттеді, «Еңбек түбі зейнет» – деп оның адам өміріндегі қажеттілігін ашып көрсете білді.

А.И.Левшин: Қырғыздар үшін меймандостық қастерлі заң» деп, қазақтың қонақжайлық салт-дәстүрін мадақтаса, олардың психологиялық ерекшелігіне

орай: «...қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың ең жақсы қасиеті, халықтың даңқын шығарған ұлдарына батыр деп ат беріп, өлсе де ұмытпай үлгі тұтады...

.. Қырғыздар туған жерін, атамекенін қатты қастерлейді. Кір жуып, кіндік кескен жерін тастап ешкім ешқайда кетпейді» деп, елін-жерін сүюшілік олар үшін ұлттық сезімнің ең қасиетті белгісі екенін айтып, қазақтың биік адамгершілік қасиеттерін ерекше атап өтеді» деп жазады.

Көптеген әндерде балаларға деген нәзік, мейірбанды сезім, аялы ықылас көрініс табады. Тоқ етерін айтқанда, қазақстардың жас мөлшеріне байланысты әрбір маңызды кезең: баланың алғашқы езу тартып күлуіне, бірінші рет ат жалын тартып мінуіне, тұңғыш рет бәйгеге қатысуына дейін ән арқылы бейнеленіп отырады.

Қазақ халқы балалар мен жастар тәрбиесінде лирикалық әндерді де, орынды пайдаланды. Оларда ғашық жандардың толқыныс сезімдері, сүйген жардың сұлулығы, экономикалық және әлеуметтік теңсіздік салдарынан бір-біріне қосыла алмаған екі жастың қайғы-мұны, жеке бастың күйініш-сүйініші, туған жердің табиғаты терең сезіммен бейнеленеді. Мұнда қайтып оралмайтын жастық шақ туралы мұнды ой-толғаулары да, адамның өкініш-наласы көрініс алады.

Осындай мазмұны жағынан алуан түрлі лирикалық әндерге, мысалы, «Қорлан», «Шилі өзен», «Ақбөпе», «Япырай», «Гауһартас», «Жиырма бес», «Маңмаңгер» және т.б. көптеген әндер жатады.

Мысалы, «Япырай» әнінің мәнерлі музыкалық және поэтикалық бейнесінде табиғаттың сұлу көрінісі мен адамның рухани көңіл күйі бейнеленсе, «Гауһартаста» сүйген жардың ажары атқан таңға, шолпан жұлдызға теңеледі, үстіндегі киген киімі, әсерлі жүріс-тұрысы, бойындағы асыл бұйымдары, әсемдігі салыстырмалы түрде суреттеледі.

Сайып келгенде, мұның бәрі жеткіншектердің эстетикалық талғамын эстетикалық көзқарасын жетілдіруді, әсемдікті түсіне, сезіне, тебірене білуге үйретті, халық музыкасына, оны танып-білуге, туған жерге, елге, дәстүр-мәдениетке мақтаныш сезімін оятты.

Қазақ халқының әлеуметтік-наразылық әндерінде әлеуметтік теңсіздік, адамды адамның қанауына деген кедейлікке жоқшылыққа деген наразылық, феодалдық өмір салтына, экономикалық және әлеуметтік езгіге қарсы күрес тақырыбы жетекші орын алады.

Мысалы, «Гүлдерай!», «Әуілдек», «Қойшы», «Көк шолақ», «Жанбота», «Ақ Сиса» және т.б. әндері әділет, жарқын болашақ, теңдік, өз тағдырын өзі шешу құқығы жолындағы күреске шақырады.

Тарихи әндер балалар мен жастарды қазақ халқының басынан өткен сан қилы тарихи оқиғалармен таныстырды, елін жерін жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерімен таныстырды, оларды қадір тұтуға үйретті.

В.В.Радловтың: сезімен айтқанда, қазақ «...өз әндерінде ертегіде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болған қорқынышты дүниені дәріптемейді, қайта ол өз өмірін, өз сезімдері мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі

жүрегінде жүрген идеяларды әнге қосады, тыңдаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан ләззат алады».

Сонымен халық әндері халықтың адами-эстетикалық көзқарасын, әсемдік жөніндегі түсінігін білдірумен бірге, ұлттық патриотизмнің жоғары болғанын көрсетеді және балалар мен жастарды да осындай сезімге, ұлттық намысқа тәрбиелегенін дәлелдейді.

Олар өзінің қарапайымдылығымен, әуезділігімен, көркемдігімен, шынайылығымен, поэтикалық әсерлілігімен терең мазмұндығымен үлкен-кішінің жүрегінен орын алды. Оған деген қызығушылық бүгінде толастаған емес, керісінше көптеген халық әндері кәсіпқой әншілер мен көркемөнерпаздардың, мектеп оқушыларының репертуарынан берік орын алып отыр.

Қазақ халқының күйшілік өнері өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындау мәнеріне, қағыс тәсілдері мен түрлеріне қарай төкпе күй және шертпе күй деп қарастырылады. Төкпе күйлерге Құрманғазы, Сейтек, Қазанқап, Дина және т.б., са шертпе күйлер қатарына Байжігіт, Тәттімбет, Тоқа, Саймақ, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбді, Сүгір, Әлшекей, Бапыш, Байсерке, Раздық сияқты халық композиторларының шығармаларын атауға болады.

Күй шығармалары домбыра, қобыз, сыбызғы және т.б. аспаптарда орындалған. Қобыз аспабы қазақ халқы үшін киелі, құдіретті аспап болып саналады. Қобыз күйлерінде жан-жануар мен құстардың дауысы, қасқырдың ұлуы аққудың сұңқылы адамның көңіл – күйі, аттың шабысы көрініс алады («Жезкиік», «Шыңырау», «Аққу», «Абыз толғауы» және т.б.).

Қобыз күйлері қоршаған ортаның, болмыстың бүкіл құбылыстарын музыка тілімен, әрі жеңіл бейнелеп берді. Мәселен, «Ақсақ құлан», «Тепеңкөк», «Наридірген» (халық күйлері), «Қорқыт», Шыңырау (Ықылас) аңыз-күйлері домбыра және қобыз тілімен қазақтың кең салада даласын тарихи оқиғаларды, оған қатысқан батырларды, олардың ерлік істерін, өнердің құдіретті күшін, өміршеңдігін жырлайды. Оған «Ақсақ құлан» күйінің мазмұны, дәлел болады.

Аңыз-күйлердің қайсы бірі болмасын халық педагогикасының құралы болып саналады, балалар мен жастарды халық музыкасы мен өнерін дәріптеуге, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеуде кең көлемде пайдаланылды.

Осы орайда В.А.Сухомлинскийдің: «Егер сәби шақта музыкалық шығарманың әсемдігін жүрекке жеткізе білсек, егер дыбыстардан бала адам сезімінің сан қырлы реңін сезіне білсе, ол мәдениеттің ешқандай құралдарымен жетуге болмайтын сатысына көтеріледі...

... Музыкалық тәрбие – бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу» – деген сөзімен толық келтуге болады. Өйткені халықтың музыкалық педагогикасы өзінің құралдарымен әр уақытта осыған жетуге ұмтылады.

Қазақтың аспаптық-музыкалық мәдениетін дамытуда халықтың күйші-композиторларының ықпалы зор болды. Қай композитордың шығармасын (Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ықылас және т.б.) алып қарасақ та орындаушылық ерекшелігімен, жан-жақтылығымен, музыкалық әуенділігімен

өзіне тартады. Құрманғазы шығармашылығындағы музыкалық образдардың өзіндік ерекшелігі жан-жақтылығында, ауқымдылығында.

Жалпы алғанда, күй- шығармаларының қайсы болмасын жеткіншектерге өмір мен өнердегі әсемділікті, жарасымдылықты дұрыс бағалай білуге үйретті.

Әрине, күй жанрын екі топқа ғана бөліп қарастыру дұрыс емес. Өйткені бір ойында төкпе күйдің де, шертпе күйдің де элементтері алмакезек ұшырасатын күйлер де аз емес екендігін, кейбір зерттеушілердің «еспе күйлер», «тармақты күйлер» деген атауларды да қолданып жүргенін ұмытпаған жөн.

Мысалы, А.Сейдімбеков: «Қазақ халқының күйшілік дәстүрінде, күй өнерінде тармақты (циклды) күйлер де айрықша орын алады. Тармақты күйлер деп бір тақырып төңрегінде топтасып, бір атаумен аталатын күйлер тізбегін айтып жүрміз... Тармақты күйлердің тақырыбы ғана аттас емес, ең алдымен күйдің сарын-сазындағы, тартылу мәнеріндегі ерекшелік бұл дәстүрдің кездейсоқ құрылыс емес екенін аңғартады.

Мәселен, «Тоғыз тарау» атауымен белгілі тармақты күйлер бірыңғай теріс тартылса, «Қосбасар» атауымен белгілі тармақты күйлер көбіне домбыраның белінен қос ішекті кезек шертуді арқылы тартылатын қоңыр күйлер болып келеді. Ал «Ақжелең» атауымен белгілі тармақты күйлер болса, өзінің қайталап тартылатын буынды үлгісімен, сұлу суреттерге толы тартымды саздарымен ерекшеленеді» – деп негіздейді.

Күй шығармалары домбыра, қобыз, сыбызғы және т.б. аспаптарда орындалған. Қобыз аспабы қазақ халқы үшін киелі, құдіретті аспап болып саналады. Қобыз шаман дінінің және осы дін өкілдері-бақсылардың пайда болу процесі мен тығыз байланысты, ол бақсының зікір салу кезінде демеуші аруақтармен тілдесіп отыратын негізгі құрал ретінде пайдаланылды.

Қобызды жыраулар да өз шығармашылығында кең көлемде пайдаланды. Мектеп бағдарламаларындағы қобыз күйлерінде жан-жануар мен құстардың дауысы, қасқырдың ұлуы аққудың сұңқылы адамның көңіл – күйі, аттың шабысы көрініс алады («Жезкиік», «Шыңырау», «Аққу», «Абыз толғауы» және т.б.).

Қобыз күйлері қоршаған ортаның, болмыстың бүкіл құбылыстарын музыка тілімен, әрі жеңіл бейнелеп берді. Мәселен, жалпы білім беретін мектептің бағдарламасында «Ақсақ құлан», «Тепеңкөк», «Наридірген» (халық күйлері), «Қорқыт», Шыңырау (Ықылас) аңыз-күйлері домбыра және қобыз тілімен қазақтың кең салада даласын тарихи оқиғаларды, оған қатысқан батырларды, олардың ерлік істерін, өнердің құдіретті күшін, өміршеңдігін жырлайды.

Оған «Ақсақ құлан» күйінің мазмұны, дәлел болады: Қаһарлы Шыңғыс ханға оның сүйікті ұлы Жошының қайғылы өлімін ешбір адам хабарлауға батылы бармайды. Өйткені қаралы хабарды жеткізушіні қатыгез өлім тосып тұрды. Тек қана атақты жырау Кет-Бұғаның тамаша музыкасы ғана ханға ұлының қазасы туралы шындықты жеткізеді. Қатты қапаланған Шыңғыс хан, өзінің қаралы хабарды жеткізушінің көмейіне қорғасын құямын, деген сертін есінде ұстап, домбыраны жазалауға бұйрық берді. Міне, содан бері домбыраның шанағында тесік қалған деседі.



Халық арасында ұлттық аспаптардың шығуына байланысты басқа да аңыздар кездеседі. Соның бірі – «Жетіген» аспабы туралы.

«...Ертеде өмір сүрген бір шалдың жеті ұлы болыпты. Бір жылғы жұтта әлгі шалдың қолындағы бар малы қырылады. Суық үйдің берекесі кетеді. Киіз үйдің шаңырағына бақытсыздық орнап, жеті ұлы бірінен соң бірі өледі. Өлгеннің артынан жоқтау айтып ас беруге еш қаражаты жоқ шал кепкен ағаштан ойып «Жетіген» жасапты. Үлкен ұлы өлгенде оған бір ішек тағып, тиек орнатады. «Қарағым» деп атап, жоқтау күйін тартады. Екінші ұлы өлгенде ішек тағып, «Қанат сынар» күйін орындайды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей ұлдары бірінен соң бірі өлген шал бір-бір ішектен таға отырып, «От сөнер», «Бақыт көшті», «Күн тұтылды», «Жеті баламнан айырылып, құса болдым» деген жаңа күйлер шығарыпты – мыс. Сөйтіп «Жетігенге» жеті ішек тағылатын болыпты дейді». Әрине, бұл аңызды сыңар жақты түсінуге болмайды. Мұндағы ең өзекті мәселе-шалдың көңіл-күйі, өмірде орны толмас қасіреті, жан жарасы.

«Жарамды ән тыңдасаң жаның еріп,  
Жабырқаған көңілің көтерілер», -

- деп ұлы Абай айтқандай, шалдың өзін-өзі күй арқылы басу айтуы қайғы-шерін тарқатып, өзін жұбатуы екені күмәнсіз. Аңыз-күйлердің қайсы бірі болмасын халық педагогикасының құралы болып саналды, оларды балалар мен жастар тәрбиесінде кең көлемде пайдаланылды.

Бүгінгі таңда қазақ халық музыкасы бойынша өнертану, педагогика саласында бірқатар жіктемелер бар. Мысалы, өнертану саласының ғалымдары С.Еламанова домбыра күйлерін: аңыз-күйлер, тарихи, дәстүрлі, лирикалық, эпикалық деп болса, Б.Г.Ғизатов – аңызды-эпикалық, тарихи-батырлық, лирикалық дәстүрлі және әлеуметтік-тұрмыстық деп топтастырады.

Б.Ерзакович болса: тұрмыс-салт, тарихи, лирикалық, эпикалық, әлеуметтік-наразылық деп саралайды.

Педагог-ғалымдардың ішінде, М.Х.Балтабаев қазақ халық музыкасының педагогикалық сипатын зерттеген еңбегінде фольклор теориясына сүйене отырып, қазақ халқының аспаптық музыкасына жеке тоқталады, оларды: отбасылық-тұрмыстық; еңбек туралы; батырлық; эстетикалық; лирикалық бейнелеу деп жүйелейді.

Р.К.Дүйсенбінова болса музыка зерттеушілерінің жасаған жіктемелері негізінде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, өзінің педагогикалық жіктемесін ұсынады

Бұл жіктеме бізге қазақ халық музыкасы негізінде жазылған кәсіптік музыка жанрлары бойынша топтастыруға және нақты өлшемдер бойынша халық музыкасы шығармаларын сұрыптауға мүмкіндік берді.

Мысалы, «Атамұра» бағдарламасы бойынша 4-сыныптың «Музыка» бағдарламасында Е.Брусиловскийдің қазақ эпосының негізінде жазылған «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларында, М.Төлебаевтың «Біржан-Сара», «Қозы

Көрпеш – Баян сұлу» операларында(3-сынып) қазақ халық әндері, күйлері, жыр-термелері жаңа өңдемеде беріледі.

Операда ауызекі шығармашылығының көптеген көріністері, халық билері орын алады. Мұқан операда қазақ халқының психологиясына, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, адамдар арасындағы қатынастарға, музыкалық ойлау ерекшелігіне тереңінен бойлайды.

Ықылым заманнан келе жатқан халықтың ауызекі шығармашылығының өзіндік ерекшелігін, мәселен, дәстүрлі поэтикалық сөз мақамдарын, халық әнін орындаудағы мәнерді, әдет-ғұрыптар мен салт-жоралғылардағы күнделікті әлеуметтік тұрмыс қарекетінің мән-мағынасын өзгертпей табиғи қалпында беруге тырысады. Сонымен бірге оларды драмалық және сюжеттік түпкі ойына бағыттай отырып ән дәстүрін өңдеп түрлендіреді.

Қазақ халқының айтыс өнеріне кезінде көптеген зерттеуші этнограф, фольклористер тамсанып, таңдай қаққан(«Атамұра» бағдарламасы бойынша 3-сыныптың «Музыка» бағдарламасында).

Мысалы, А.И.Левшин: «...қырғыз (қазақ және т.б.) әндері әрдайым дерлік табан астында шығарылады. Бұл жағдай оларды ерекше қызықтырумен бірге, ән айтушылардың сауығын түрлендіре түседі. Олар әйелдер, еркектер болып екі топқа бөлінеді немесе екеу болып айту үшін жүн құрайды.

Екі жақтағылар кейде бір-біріне қағытпа әзілдер айтып, өте тапқыр жауаптар қайтарады, оны тыңдаушылар сол мезетте-ақ қолпаштап отырады» – десе, В.И.Даль: «ақындар домбыраны шерте отырып топты жарған шабандоздар мен жауырыны жерге тимеген палуандардың даңқын асырып, думанды дәріптейді, домбыра үні қоңыр, жанға жайлы естіледі.

Екі шек саусақтардың астында біресе шаттана күліп, біресе құйқылжытып бұлбұлдай сайрап, біресе күңірене құрсінеді. Әсем үнді самал жел далаға іліп әкетіп, ауаға алау түтіндей сініп жоғалып жатады» – деп ақындардың даус нақышына, әннің мазмұнына оны тыңдарманға жеткізе білгеніне ерекше тоқталған.

Демек, Мұқан халықтың айтыс өнерінің ерекшелігін, маңызын, тәрбиелік мүмкіндіктерін көре білген. Оның тыңдаушыларының, әсіресе балалар мен жастардың эстетикалық көзқарасына, талғамына, патриоттық сезіміне әсер ететін атамұра дәстүрін сыйлап, құрметтеуге үйрететін жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететінін жақсы түсінген.

Қазақ халқының әндері мен күйлері, халық композиторларының күйлері, Б.Байқадамовтың хор шығармаларында көрініс алды. Композитор халық әндерін өңдеп хорға түсіреді негізгі әуенді сақтай отырып, ән мәдениетін шыңына жеткізеді.

Сөйтіп, творчестволық сәтті сапар басталып, жеке дауысты халық әндері көп дауысты хорға ұласты. «Тойбазар», «Майра», «16 қыз», «Кербез сұлу», «Ахау-Семей», «Айт келін», «Жариям-айдай», «Кұдаша», «Жар-жар біздің жанаша» ән-хорлары осылай шықты(4-сынып).

Осы айтылғанның бәрі халық музыкасының оқушыларға, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларына тәрбие берудегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді.

*Біріншіден*, бастауыш сынып оқушыларының қазақ халқының өміріндегі сан қилы тарихи оқиғаларымен, ел басына күн туған кезде толарсақтан қан кешкен батырлардың ерлік істерімен таныстырып, әділдік пен адамдыққа үндейді.

*Екіншіден*, халықтың әлеуметтік жағдайын күнделікті тұрмыс қарекетін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты танып білуге үйретеді.

*Үшіншіден*, туған Отанға, елге, жерге, табиғатқа сүйіспеншілікті сезімді оятады, сенімді дамытады, жалпыадами құндылықтарды, соның ішінде, «отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

*Төртіншіден*, эстетикалық талғамды, эстетикалық құндылықты, эстетикалық көзқарасты, қабілеттілікті дамытады.

*Бесіншіден*, рухани-адамгершіліктің негізі болып сапалатын моральдық-этикалық қасиеттерінің, ұлттық патриотизмінің дұрыс қалыптасуына, септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, жалпыға білім беретін мектептердегі музыка сабағында бірінші сабақтан бастап-ақ оқушылардың алған білімінің пәндік ақпараттық негізінде, өнер мен өмірдің өзара диалектикалық байланысы идеясын ойын түрінде игеретін әр түрлі көркем шығармашылық тапсырмаларға белсенді назар аударудың қағидалық маңызы бар.

Мұғалімге тақырыпты, қандай да болмасын мәселені ашу әдісінде мұғалім тарапынан сабақтың дұрыс, тиімді ойласып ұйымдастырылуы тиіс. Оқушының сабақтағы жұмысында, оның жалпы көтеріңкі мазмұндылығына қоса, әсерлі әрі саналы бастамалардың бірлігі маңызды әдістемелік қағида болуы тиіс. Бұл жағдайда мұғалім оқытудың қайталау түріне және шығармашылық ізденіске сүйенуі қажет.

Бір-біріне байланысты музыка сабақтарында сабақтың логикалық және әсерлі архитектурасын құрайтын әсерлі драматургия әдісінің де маңызды мәні бар. Сабақ біріккен (оқытушы - оқушы) еңбектің нәтижесінде туатын тұтас, сонымен қоса өсу қозғалысындағы құрылым ретінде ұйымдастырылады.

Балалардың мектепке дейінгімен сабақтаса байланысқан, мектептегі музыкалық-эстетикалық білімінің бастапқы кезеңі, музыка және басқа да өнер әлеміне енудің әсерлі белсенділігін көрсетеді және осы жасқа сай: айшықты және өзіндік қабылдау, кейіпкерлер бейнесіне оңай ауысу, эстетикалық өнеге мәселелері өз жасына қарай шешу сияқты қасиеттерді ойын әрекеттері арқылы үйлестіруге себеп болады.

Сонымен, музыка өнері арқылы оқушыларға музыка сабағы арқылы білім берудегі мол мүмкіндіктерді және оларды мектептердің оқу-тәрбие үрдісінде толық пайдаланбауы; музыка арқылы оқушылардың жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негізін жасау қажеттілігі педагогика ғылымында бұл мәселенің белгілі деңгейде зерттелмеуі; музыка арқылы оқушылардың жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыруды тиімді әдістемелермен қамтамасыз ету мен оның іс-тәжірибе жүзінде іске асырылмауы –әлі де шешімін таппай отырған мәселелердің бірі.

Жалпы музыкалық білім беру, музыка өнері арқылы мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қажет-ақ.

Оқу орындарының қазіргі таңдағы алға қойып отырған басты да түпкілікті мақсаты - оқушылардың білім, білік, іскерлік дағдыларын дамытумен қатар, олардың бойындағы азаматтық, өміртанымдық, интернационалдық қасиеттерін де кеңейте түсу.

Эстетикалық көркемдік тәрбиенің қайнар бұлағы музыка пәні мен оның сыныптан тыс жұмыстары бұл аталған талаптарды орындауда ерекше роль атқарады. Осы саладағы оқу-тәрбие жұмыстары нәтижелі болуы үшін, сан жылдар бойы қалыптасқан заңдылықтар мен теорияларға, әдістер мен принциптерге сүйеніп, ғылыми педагогикалық негізде өткізілуі тиіс.

Сонда ғана бұл жұмыс өз нәтижесін бермек.

## 1. МУЗЫКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

«Музыка теориясының негіздері» пәннің мақсаты – студенттерге музыканы оқып, жазу және ұғыну үшін қажетті музыка теориясының мағлұматтарынан толық мәлімет беру, мектеп оқушыларын толығымен қамтитын теориялық білім негіздерін игеру.

Музыка теориясының негізі – музыкалық білімнің ғылыми қалыптасқан қағидалары мен тәсілдерін жазып, оқуға үйретеді.

Музыка теориясы негізі пәні бойынша негізінен төмендегідей жұмыс бағыттарының көлемі қамтылады:

- Әр тақырыптарға қатысты мәліметтерді түсіндіру және мазмұнын айтып беру;
- Әр тақырыптарға байланысты музыкалық шығармаларды немесе жеке бір әуенді белгілі бір биіктіктерге ауыстырып жазып, аспаптарда ойнатып немесе дауыспен айтқызып үйреті;
- Гамма, интервал, аккордтарды транспозицияларды жаздырып, ойнатып, дауыспен айтқызу;
- Әр тақырыптарға байланысты аудиторияда және үйге ауызша және жазбаша тапсырма ретінде беру;
- Ноталардың ұзақтық түрлерін белгілі бір қлшемдерге тактіге бөліп топтастыру, мелизмдерді айырып оқу, сольфеджиолау, дирижерлау, аспапта орындай білу;
- Әр тақырыптарға, музыкалық шығармаларға талдау жасай білу, әуендерді ойдан шығару;
- Музыка мамандарын дайындаудағы болашақ мамандарға тән педагогикалық шеберлікті күшейту;

Демек, музыка теориясы – музыка ғылымының өзіне тән түпкі тамыры болып есептелінеді, өйткені жоғарыда аталған гармония, полифония т.б. пәндер тармақталып, дараланып шығады.

«Музыка теориясының негіздері» курсы оқудың барысында студент төмендегілерді меңгеруі қажет:

- «Музыка теориясының негізі» курсының әдіснамалық негіздерін;
  - «Музыка теориясының негізі» пәнінің даму тарихын, сол кезеңдердегі ағартушы-педагогтардың ой-пікірлері менкөзқарастарын, іргелі идеяларын, еңбектерін.
  - «Музыка теориясының негізі» курсын негізгі категорияларын және түсініктерін;
  - «Музыка теориясының негізі» курсымен мектеп тәжірибесінің диалектикалық өзара байланысын;
  - оқыту мен тәрбиелеудегі жаңашыл педагогтар мен олардың педагогикалық технологияларының мәнін;
- Студент білуі қажет:
- «Музыка теориясының негізі» курсынан алған білімдерін тәжірибеде өз бетімен қолдануды;
  - «Музыка теориясының негізі» курсынан алған білімдері арқылы мектептегі педагогикалық процесті жобалауды және жүзеге асыруды;
  - оқыту мен тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларын тәжірибеде пайдалана алу.
  - «Музыка теориясының негізі» курсын әдіснамалық негіздерін, ғылымиаралық, пәнаралық байланысын;

Жалпы музыкалық шығармаларды өткен тақырыптармен байланыстырып, шығарманың құрылысын, көлемін, теория негізі тұрғысынан қарап, талдай білсе, әсіресе, теорияның негізгі тақырыптары: интервалдарды, аккордтарды, тональдіктерді, саз құрылымдарының түрлерін айырып, оның музыканың мазмұнына, характеріне тигізетін әсерін, үндестік сапасын, болмыстық міндетін талдай білу, музыкалық тіл негіздерін шығарманың мазмұнымен байланыстырып, түрлі ырғақтық өрнектердің ырғағын анықтап, талдай білсе, сонда ғана теория білімін меңгеруге болады.

## **2.1 Музыкалық есту қабілеті және музыка сауаты.**

«Музыка тыңдатпайынша тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән – күйлерінсіз тәрбие беру менің басыма қонбайтын нәрсе. Сондықтан жалпы орта мектеп оқушыларының қолына домбыра беріп, аузындағы тіліне дуалы терме сөзін айтқызып үйретсе, нұр үстіне нұр емес пе?.. Біріншіден, қуатсыз қатыгездіктен, екіншіден жалмауыз қанішерден, үшіншіден, жаны ашымайтын ұл – қыздан, төртіншіден, ауру жастардан, бесіншіден, білімсіз надандардан арылар едік», - дейді В.А.Сухомлинский. Ең алдымен, музыканы дұрыс жазып, дұрыс оқып, дұрыс орындау үшін музыка теориясын білу шарт. Бізді қоршаған табиғатты, өмірді, қоғамды бейнелейтін музыка тілі есту, сезіну арқылы қабылданып, оны дұрыс жазып, түйсініп, ұғынып, сезіну нәтижесінде танылады. Музыкалық сауаттанудағы бірден-бір шарт – бұл бағытта ең негізгі жетекші роль атқаратын біздің есту қабілетіміз екенін әрқашан есте сақтау. Н.А.Римский – Корсаковтың айтуынша, музыка теориясын «құрғақ» меңгеру мүмкін емес, ол үшін музыкалық аспаптың көмегі керек-ақ. Тағы бір сенімді көмекшіміз – жеке даусымыз.

Музыка өнері әр түрлі дәрежедегі дыбыстарды белгілі бір музыкалық құрылыста қолданады. Музыкалық шығармалар негізіндегі дыбыстардың биіктік қатынастағы жүйесін музыкалық құрылыс деп атаймыз. Алғашқы музыкалық шығармалар бәздәі заманымыздан бұрын Кіші Азия мен Таяу Шығыс елдерінде қалыптасып, дами бастаған.

Ежелгі грек философы және математигі Пифагор(Үіғ. б.з.д. сол уақыттағы есту тәжірибесі мен ежелгі грек ладтарының музыкалық жүйесін математикалық дәлдікпен дәлелдеген.

XҮІғ.итальян музыка теоретигі Джозеффо Царлино табиғи жай музыкалық құрылыстың негізін ойлап тапқан. Бұл музыкалық құрылыс сол замандағы еуропалық көпдауысты музыканың дамуына негіз болды және мажорлық лад пен минорлық ладтың қалыптасуына үлкен көмегін тигізді.

Нота жазуында көзбен дыбыстың биіктігін де, ұзақтығын да бірдей көруге болады. Сонымен, музыканы нотамен жазуға байланысты музыка әдебиетіміз деген есту құбылыстарының көру формалары көрнекті формаларға айналуының нәтижесі. Ал нота жазуын оқитын әнші немесе аспапшы керісінше процессті жүзеге асырады: яғни, ол нота белгілерін бірімен-бірі музыкалық мәнімен байланысқан түрлі биіктіктігіне және ұзақтылығына, дыбыстарға айналдырады, сөйтіп нотада көрсетілген шартты белгілерді дыбыстандырады.

Дыбыс – бұл физикалық құбылыс, ол екі дененің бір-бірімен үйкелісінен немесе соғылысынан пайда болады.

Бізді қоршаған табиғатта көптеген дыбыстар кездеседі. Ол дыбыстардың өзіндік үні, өзіндік мағынасы болады(адамның даусы, жануарлардың даусы, аспаптың даусы т.с.с).

Бұл дыбыстар екіге бөлінеді: музыкалық дыбыстар және музыкалық емес шулы дыбыстар(дауылпаз, бубен, тарелка т.б);

Музыкалық дыбыстардың басқа дыбыстардан айырмашылығы – оның дыбысталуында биіктік шегінің, дыбыс тонының, белгілі бір тональдігі болуында.

Музыкалық дыбыстың 4 негізгі қасиеті бар: ол дыбыстардың *биіктігі мен ұзақтығы, күші және тембрі*.

Біз естіп немесе орындап жүрген сазды музыкалық дыбыстардың ұйымдасқан түрде кезектесіп келуі арқасында пайда болады. Әуендердің әр түрлілігі оның құрамындағы дыбыстардың биіктігі мен ұзақтығына байланысты. Музыкалық дыбыстың осы екі қасиеті әуенді нотамен жазуға мүмкіндік береді.

*Музыкалық дыбыстардың биіктігі* дегеніміз – белгілі бір жиіліктегі дыбыстардың тербелістерін қабылдап, түйсінуі болып табылады. Әр музыкалық дыбыс бір емес, көптеген үйлесімді, жарым-жартылы дыбыс бөлшектерінен тұрады.

*Музыкалық дыбыстардың ұзақтығы* – дыбыстардың уақыт шамасымен өлшенетін созылу қашықтығы, ол дыбыс тербелісінің созылымына байланысты болады.

*Дыбыстың күші* – біздің есту сезімдеріміздің дыбыстың қатты не жәй шығуын қабылдауы болады, ол дыбыс тербелісінің шегіне, тербелу қимылының серпілісіне байланысты болады.

*Дыбыстың тембрі* – дыбыстық бояу, оның жағымдылығы, әсе дыбысталуы (үн бояуы - окраска звука).

Қорыта айтқанда, музыкалық дыбыс деп – белгілі биіктігі, ұзақтығы, күші және тембрі бар дыбысты айтамыз.

*Музыканы тыңдау әдісі* сабақтарға мынадай тапсырмаларды ендіруді болжайды:

- музыканың әсерлі көріністерін айқындау (табиғи бірдауыстылығы өзгермелі өлшемі);
- әуенділігі мен әуезділігі;
- қайырмасының әсерлілігі, айшықтылығы және т.б.;
- музыканың түрлерін анықтау;
- орындаушының дауысын анықтау (баланың, әйелдің, ерпектің; тенор, баритон, бас, сопрано, альт);
- халық оркестріндегі аспаптарды танып-білу (халық аспаптары: қобыз, сыбызғы, домбыра, жетіген, даңғыра, саз сырнай);
- симфониялық аспаптар (кларнет, флейта, гобой, труба, виолончель және т.б.).

## 2.2. Әуен және оны нотамен жазу

Халық әнінің қарапайым сазы да күрделі аспаптық шығармалар да – бәрі де нотамен жазылады.

Нота (*латынша, итальянша, «nota»* - «*таңба*» деген мағынада) дегеніміз - музыкалық дыбысты жазу үшін қолданылатын шартты графикалық белгі.

Нота қара немес ақ дөңгелек түстес болады:



Нотаның бүтін, жарты, төрттік (таяқшасы бар түрі), сегіздік (бір жалаушасы бар), он алтылық (2 жалаушасы бар), отыз екілік т.б түрлері бар. Музыкалық дыбыстардың әр шамадағы ұзақтығын көрсетіп жазу үшін дөңгелекше негізіне түрлі қосымша таңбалар қолданылады.

*Таяқша(штыль)* – нотаның жанына жазылады: оң жағынан жоғары қарай; сол жағынан төмен қарай. Өте қысқа дыбыстарды жазу үшін нотаның жанынан қойылатын таяқшаның ұшына тіркеледі.

*Ноталардың саналуы:*

Бүтін нота: 1-еу, 2-еу, 3-еу, 4-еу;


Жарты нота: 1-еу, 2-еу.

Төрттік нота: 1-еу.

Сегіздік нота: 1. ♪

Он алтылық нота: 1♩ = (0,5+0,5), яғни екі он алтылыққа тең.


Ноталар нота тұрағына жазылады, нота тұрағы 5 сызықтан тұрады, олар төменнен жоғары қарай саналады және жазылады.



Нота суретіне көңіл аударсақ біз мынаны көреміз: барлық ноталар әуеннің қарапайымдылығына қарай біріне-бірі жақын орналасқан қара дөңгелектер мен 1 ақ дөңгелек, бәрінің де таяқша, жалаушалары бар.

Ақ дөңгелек жолдың соңында орналасқан. Сондықтан, бейтаныс әуеннің нота жазуын оқу үшін, әрбір нотаның нота тұрағында орналасуын білу керек.

Музыка алфавитінің 7 дыбысы дыбыстар қатарында төмендегідей орналасады:



до ре - ми - фа - соль - ля - си

Әр нота басқышы латын әрпімен төмендегідей белгіленеді:

*До* нотасы – I басқыш;

*Ре* нотасы – II басқыш;

*Ми* нотасы – III басқыш;

*Фа* нотасы – IV басқыш;

*Соль* нотасы – V басқыш;

*Ля* нотасы – VI басқыш;

*Си* нотасы – VII басқыш;

Жеті түрлі нота дыбыстары төменнен жоғарыға, жоғарыдан төменге қарай үнемі осы ретпен өзгерместен қайталанып отырады.

до, ре, ми, фа, соль, ля, си                      до, си, ля, соль, фа, ми, ре до    т.с.с.

Біздің есту қабілетіміз ең жоғарғы (жіңішке) дыбыстардан(әйелдер мен балалар дауысы, флейта, скрипка т.б) бастап ең төменгі (жуан) дыбыстарды(ер адамның дауыстары, жуан дауысты аспаптар т.б) айыра алады.


Дыбыс биіктігі нота тұрағында нотаның басының орналасуымен белгіленеді.

Дыбыс неғұрлым биік болса, соғұрлым нотаның нота тұрағында орналасуы да жоғары және керісінше болады.


Нотаның нота сызықтарында, яғни нота тұрағында орналасуы.




Мысалы:



I – сызықтың  
астында



5-сызықтың  
үстінде



Өте төмен биіктікті және өте жоғары биіктікті дыбыстарды жазу үшін нота тұрағының үстінде және астында 5-ке дейін қосымша сызықтар жазылады. Дыбыстарды кез-келген музыкалық аспаптарға немесе адам дауыстарына ыңғайлап әр түрлі биіктіктерде жоғары не төмен орналастыруға болады. Дыбыстардың биіктік ретіне қарай белгілі бір жүйемен тізбектеліп құрылуын дыбыс қатары(звукоряд) деп атаймыз.

#### *Нота кілттері:*

Ноталар нота тұрағының басында *кілт* деп аталатын арнайы белгі қойылғанда ғана өз мәнін табады. Музыкада кілттің 3 түрі пайдаланылады.

1. Жоғары (жіңішке) дыбыстарды жазу үшін скрипка кілті қойылады. Оның аты латынның *G* (*ге*) деген әрпіне байланысты шыққан, ол әріп *соль* деген дыбысты білдіреді екен. *Скрипка кілті* II-ші сызықтан басталады, сөйтіп II-ші сызықта *соль* нотасының жазылатындығын көрсетеді. Скрипка кілтін кейде (*соль*) кілті деп те атайды.

2. *Бас кілті* – (*фа*) кілті. *Бас (фа) кілті*(баритон және басс-профундолық кілт түрлері) нота тұрағындағы төртінші сызықтың бойына орналасып, кіші октаваның *фа* дыбысына сәйкес келеді.

3. *Альт кілті* – (*до*) кілті. *Альт(до) кілті*(сопранолық, меццо-сопранолық, альттік, тенорлық, баритондық кілт түрлері) нота тұрағының үшінші сызығына жазылып, 1-ші октаваның *до* дыбысын көрсетеді.

Скрипка кілті музыкада қолданылатын жоғары регистр дыбыстарын жазуға арналған, бас кілті төменгі регистрдегі дыбыстарды жазуға, ал альт кілті ортаңғы регистрдегі дыбыстарды белгілейді.

### 2.3 Дыбыстардың аталуы.

Музыкалық жүйеде алуан түрлі дыбыстар кездеседі. Олар негізгі 7 дыбысқа бөлінеді:

Буындық атулары: *До-ре-ми-фа- соль- ля- си.*

Әріптік атаулары: *С, Д, Е, F, G, А, Н*

Бұл 7 дыбыс фортепианода ақ басқыштармен(ақ тілдер – 52дыбыс, ақ пен қараны қосқанда барлығы – 88дыбыс) қатар түзеп, саты бойынша орналасып, дыбыстың биіктік басқыштарын құрайды.

Бұл музыкалық дыбыстар бір-бірімен өзара тығыз байланыста орналасқан. Дыбыстар буынмен аталғаннан басқа, музыка практикасында латын алфавиті бойынша әріппен жазылады. Ол латын алфавитіне негізделген.

Туынды басқыштарды белгілеу үшін әріптерге төмендегідей буындар қосылады: *is-диез, isis-дубль-диез, es-бемоль, eses-дубль-бемоль.*

Бұлар дыбыстарды әріппен белгілеу жүйесінде альтерацияны жазу үшін қолданылады.

Мысалы: *cis-da-gues, fisis -фа- дубль gues, des-re-бемоль, geses-соль дубль-бемоль.*

*Си-бемоль - Си B – B, в* деп белгіленеді. Дауысты *a, e* дыбыстарынан кейін, ыңғайлы болуы үшін, *es* деген буыннан *e* әрпі алынып тасталады.

Музыкадағы дыбыстарды жарты немесе бүтін тонға жоғары-төмен өзгертуді альтерация(өзгерту) деп атаймыз.

Негізгі басқыштардың жарты тонға жоғары көтерілуін диез деп атайды - #

Негізгі басқыштардың жарты немесе бір бүтін тонға төмен түсірілуін бемоль деп атайды - *ظ*

2 жарты тонға немесе бір бүтін тонға жоғары көтерілу - дубль-диез деп атаймыз - ##

Мысалы: *фа-дубль-диез.*

2 жарты тон төмен түсіру (негізгі) басқышты дубль- бемоль *ظ ظ* деп аталады.

Мысалы: *си-дубль бемоль.*

Сонымен, жарты тондардың бәрі бірдей, ендеше 1 дыбыс қасындағы дыбыстардың біреуінің жарты тон жоғарылауынан және 2-шісінің жарты тон төмендеуінен пайда болуы мүмкін. Мыс: *фа- gues = соль-бемоль.*

Биіктігі бірдей, бірақ аталуы және белгіленуі әртүрлі басқыштар – **энгармонизм** деп аталады, ондағы әртүрлі болып келетін дыбыстар *өзара тең дыбыстар* деп аталады.

Диатоникалық(грек сөзі- «тоннан-тонға») тон дегеніміз – көршілес орналасқан 2 дыбыс аралығындағы жоғары-төмен қарай құрылған *жарты не бүтін тонды* айтамыз.

Хроматикалық(грек сөзі – «бояу түсі») тон дегеніміз – дыбыс қатарындағы 1 дыбыстан жоғары-төмен қарай жылжудан туындаған *жарты не бүтін тонды* айтамыз.

Кейде туынды басқыш негізгі басқышпен бірдей биіктікте болуы немесе 2 есе жоғарылағанда, немесе 2 есе төмендегенде де осындай жағдай қайталанады. Мысалы:

*Си-диез* = *до*

*Ми-диез* = *фа немесе*

*Фа-дубль диез* = *соль* т.б.

*Альтерация*(*өзгерту белгілері*) *белгілері* негізгі нотаның алдына немесе кілттің жанына жазылады. Егерде, альтерация белгілері тікелей нотаның алдына тұрса – кездейсоқ белгілер, ал кілттің жанында жазылса кілттік негізгі белгілер деп аталады.

## 2.4 Дыбыстың ұзақтығы

Әртүрлі әуеннің дыбыстарының бір-бірінен айырмашылығы: олардың биіктігі ғана емес, ұзақтығы да әртүрлі: бірде ұзақ, бірде қысқа дыбыстар. Нота жазуында нотаның биіктігі де, ұзақтығы да анық көрсетіледі.

Нота жазуында таңбаның ұзақтығынан басқа, оның ұзақтығын ұлғайтатын қосымша белгілер де қолданылады. Бұдан басқа нотаның қасына қосымша нүктелер қойылуы мүмкін.

*Нүкте* – берілген ұзақтықты жартысына дейін ұлғайтады.

*Екі нүкте* - берілген нота ұзақтығының жартысына және тағы да төрттен бір бөлігіне шейін созады.

*Лига* – бір биіктікте қатар тұрған ноталарды ойыс сызықпен байланыстырып, созылу ұзақтығын ұзартады.

*Фермата* – нотаны шексіз уақытқа ұзартады.

Мысалы:

• *Нүкте*. Нотаның оң жағына қойылады. Берілген ұзақтықты оның жартысына өсіреді.

○ *лига*, ноталардың басын қосатын қисық сызық лигамен қосылған бірдей биіктіктегі ноталар қосып орындалады.

⊃ *Фермата*, ол берілген ұзақтықты шектелмейтін уақытқа созады. Нотаның астына немесе үстіне жазылады.

○. — *нүктелі бүтін нота*, нүктелі жартылық, нүктелі ширектік, нүктелі сегіздік т.с.с.

Нота жазуын оқуға ыңғайлы болуы үшін бірнеше ноталарды көлденең бір немесе екі сызықпен біріктіруге болады.

Мысалы:

- екі сегіздік нотаны  былайша жазуға болады:  т.с.с.

## 2.5 Дыбыстар қатары. Негізгі және туынды басқыштар. Октавалар.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей музыкалық система дыбыстарының биіктігіне қарай орналасуы дыбыстар қатары, ал әрбір дыбысы – оның басқышы болады.

Негізгі басқыштардың әрқайсысының аттары белгілі: *до, ре, ми, фа, соль, ля, си*.

Негізгі басқыштар фортепианода тартылатын клавиштардағы дыбыстарға сәйкес келеді. Олар үнемі қайталанып отырады, себебі 7 негізгі дыбыстан кейінгі 8-дыбыс 1-ші дыбыспен бірдей қосылып есептеледі.

Бірдей басқыштар дыбыстары арасындағы қашықтық *октава* деп аталады, яғни бір дыбыстың келесі сегізінші биіктікте қайталануы. Бүкіл дыбыстар қатары октаваларға бөлінеді. Октавалар толық 7 нота дыбысынан тұрады.

Жалпы октава аралығында орналасқан дыбыстар тізбегін *гамма* деп атаймыз.

Октавалардың түрлері(фортепианодағы дыбыстар) төменнен жоғары қарай былайша аталады:

- субконтроктава(аяқталмаған- *ЛЯ<sub>2</sub>, СИ<sub>2</sub>*);
- контроктава;
- Үлкен октава;
- Кіші октава;
- 1-ші октава;
- 2-ші октава;
- 3-ші октава,
- 4-ші октава;
- 5-ші октава(аяқталмаған-до5).

Барлық музыкалық дыбыстар шеңбер шегі негізінен 3 регистрден тұрады:

1. төменгі регистр(бас регистр): *субконтроктава, контроктава, үлкен октава;*
2. орталық регистр: *кіші октава, 1-2 октавалар;*
3. жоғарғы регистр: *3-5 октавалар;*

Бұл регистр түрлері жеке аспаптарда да, әнші дауыстарында да болады.

Музыка жүйесінде дыбыстардың дәлме-дәл, тепе-тең биіктікке келтірілуін *музыкалық құрылыс(строй)* деп атайды.

Музыкалық системада әрбір октава 12 тең бөлікке бөлінген. Олардың ара қашықтықтары бүтін және *жарты тондарды* құрайды.

Музыка тілінде екі жақын орналасқан екі дыбыстың арасын *жарты тон* деп атайды. Екі жарты тон бір *бүтін тон* құрайды.

Мысалы, бір октавада 6 бүтін, 12 жарты тон болады.

Дыбыстар қатарының негізгі 7 басқышы 2 жарты тон, 5 бүтін тоннан тұрады. Олар былай орналасады:

До	ре	ми	фа	соль	ля	си	до
1т	1т	0,5т	1т	1т	1т	0,5т	

Аралығы жарты тонды құрайтын ноталар: **ми-фа** және **си-до**.

Негізгі басқыштар арасындағы бүтін тондар жарты тондарға бөлінген. Олар фортепианода қара клавишаларда орналасқан.

Аспап шегінің бүтіндей тербелісінен пайда болатын алғашқы бөлшегін – негізгі тон десек, қалған тондары біртіндеп жоғарыға қарай орналасып – жоғары тондар – обертондарды құрайды (неміс тілінде, жоғары дыбыс-тон деген мағынада).

Дыбыс обертондарының естілу, қабылдану мәселелерімен акустика ғылымымен айналысады.

Осылайша, әрбір негізгі басқыш жоғары көтерілуі немесе төмен түсірілуі мүмкін. Мұнда басқыштар *туынды басқыштар* деп аталады. Олар негізгі басқыштардың атымен аталады.

## 2.6 Паузалар. Метр және ритм(ырғақ).

Музыкадағы үзілісті (муз. шығарманың немесе үннің, әуеннің кілт үзілуін) – *пауза* деп атайды.

Паузалардың ұзақтығы ноталар ұзақтығына сәйкес келеді. Мысалы: бүтін пауза, жартылық пауза, ширектік пауза, сегіздік пауза, он алтылық пауза т.б. Үзілістердің ұзақтығын ұлғайту үшін де нота таңбаларындағы сияқты нүктелерді қолданады, себебі бұл жағдайда нүктелердің ұзақтық мағынасы сондағыдай болады.

Ежелгі заманнан музыка қозғалыспен тікелей байланысты. Қатты және жай уақыт мезеттерінің үзіліссіз кезектесіп келуі музыканың *негізі* болады.

Уақыттың қатты медетімен сәйкес келген дыбыс басқа дыбыстармен салыстырғанда қаттырақ естіледі.

Дыбыстардың мұндай ерекшеленуін *акцент (екпін)* деп атайды, мұндай екпін түсетін дыбыстар мен екпін түспейтін дыбыстар үнемі кезектесіп келіп отырады.

Музыкалық шығармада мұндай күшті және әлсіз үлестердің бірқалыпты алмасып келуін *өлшем(метр)* деп атаймыз.

Музыкалық шығарманы дұрыс ойнап, орындау үшін санай білу мен қатар музыканың жалпы ырғағы мен екпінін бір бағытта ұстап, меңгере білу қажет.

Музыка өзінің түрлі бөлшектік екпініне қарай белгілі бір тәртіппен кезектесіп, алмасып отырады.

*Метр-грек сөзі - Mertzon - мера.* Бұл жағдайдың созылып айтылатын және речитативпен, яғни (жартылай қара сөзбен айтылатын) айтылатын әндерге қатысы жоқ. Олар, яғни халық әндері, ертегі, аңыз, кейбір тұрмыс-салт әндері, мұндағы акценттер метрге емес, текстке байланысты болады.

Акценттердің (екпіннің) музыкада кезектесіп келуі, көбінесе бірдей уақыт аралығында болады. Мұндай жағдай қарапайым қара сөздегі екпіндер сияқты, музыка табиғатына да тән болады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей акценттің (екпін) музыкада бірдей мезгілде қайталануы *метр* деп аталады.

Метрлік акценттер арасындағы уақыт тең бөліктерге бөлінеді. Олар *метрлік үлестер* деп аталады. Қатты (яғни, акценті бар үлестер мен жай (акценті жоқ) үлестердің бірін-бірі ауыстыруы метрдің 2 негізгі түрін құрайды.

Олар:

1) 2 үлесті метр (қатты үлестен кейін жай үлестің келуі).

2) 3 үлесті метр (қатты үлестен кейін 2 жай үлестің келуі).

2 үлесті метрді графикалық түрде былай жазады: – ∪.

3 үлесті метрдің жазылуы: – ∪ ∪.

## 2.7 Такт, такт өлшемі. Жай және күрделі тактілер.

Бір метрлік қатты үлестен екінші сондай үлеске шейінгі музыкалық шығарманың бөлігі *такт* деп аталады.

Нота жазуында әрбір такт келесі такттан көлденең сызықпен бөлінеді. Мұндай сызықтар *такт сызықтары* деп аталады.

Егер музыка жеке дауысқа, аспапқа және фортепиано сүйемелдеуіне жазылса, онда такт сызып, жеке дауыс партиясына бөлек, фортепианоға бөлек жазылады. Аралас хор партитурасындағы такт сызықтары ерлер партиясына бөлек, әйелдер партиясына бөлек жазылады.

Такт сызықтарының бұлай жазылуы нота жазуының көрнекілігіне де, оқуға да ыңғайлы. Такт сызықтары нота жазуында шамамен XVII ғасырда аспаптық музыканың дамуымен байланысты пайда болды.

Такт ішіндегі метрмен бірдей үлестер *такт үлестері* деп аталады. Метрлік акцент түсетін 1-ші үлес әрқашан да *қатты үлес* деп аталады. Метрдің түріне байланысты тактілер *екі үлесті және үш үлесті* болып бөлінеді.

Екі бірдей метрлік үлесі бар, оның ішінде 1-шісі қатты, 2-шісі – жай үлестер болатын такт *екі үлесті такт* деп аталады.

Үш бірдей метрлік үлесі бар, оның ішінде 1-шісі – қатты, ал 2-шісі және 3-шісі жай болатын такт *үш үлесті такт* деп аталады.

Бір ғана қатты үлесі бар екі үлесті, және үш үлесті тактілер *жай тактілер* деп аталады. Тактідегі үлестер түрлі ұзақтықта болуы мүмкін: ширектік, жартылық, бүтін, т.б. тактідегі үлестердің саны мен олардың ұзақтығы такт өлшемін құрайды.

Яғни, *такт өлшемі* дегеніміз – музыкалық шығарманың такт үлестерінің метрі мен олардың ұзақтықтарын белгілеу.

Нота жазуында такт өлшемі бөлшек түрінде жазылады, оның алымы – такт үлесінің метрін, ал бөлімі нота дыбысының ұзақтығын көрсетеді.

Мысалы,  $\frac{3}{4}$  өлшемінің алымы тактіде 3 үлес бар екендігін, ал бөлімі әр үлестің ұзақтығы ширектік екендігін көрсетеді.

Өлшем шығарманың басында кілттің қасында жазылады, алым мен бөлім арасындағы сызық III-ші сызық болады.

Екі үлесті тактідегі акценттердің орналасуы такт үлесінің ұзақтығына байланыссыз болады.

Үш үлесті тактідегі акценттердің орналасуы да әрқашан бірдей және такт үлесінің ұзақтығына байланыссыз болады.

Соңғы жылдарда музыкада такт үлестерін ұзақтықпен белгілеу жиі кездеседі.

Мысалы, әсіресе, кең тараған жай тактілер;

$$\frac{2}{4}; \quad \frac{3}{4}; \quad \frac{3}{8}; \quad \frac{3}{2}; \quad \text{сиректеу тарағаны} \quad \frac{2}{2}; \quad \frac{2}{8}; \quad \text{сирек тарағаны:} \quad \frac{3}{16}.$$

Көне музыкада тактідегі басты үлес болып 0 кездеседі:  $\frac{2}{1}; \quad \frac{3}{1}$ .

Біртектес жай өлшемдердің қосындысы *күрделі өлшемді* құрайды, ол екі немесе бірнеше өлшемнен тұрады. Мұнда қанша жай өлшем болса, сонша күшті үлес болады.

*Күрделі тактілер* дегеніміз 2 немесе одан да көп жай тактілердің қосылуынан пайда болатын тактілер. Ондай күрделі тактілердің түрлеріне төменде бірнеше мысалдар келтіреміз:

1) 2 жай екі үлесті тактіден құралған күрделі такт - төрт үлесті такт деп аталады:

$$\frac{4}{2}\left(\frac{2}{2} + \frac{2}{2}\right); \quad \frac{4}{4}\left(\frac{2}{4} + \frac{2}{4}\right); \quad \frac{4}{8}\left(\frac{2}{8} + \frac{2}{8}\right);$$

1) 2 немесе одан да көп жай үш үлесті тактіден құралған күрделі тактілер алты үлесті, тоғыз үлесті, он екі үлесті тактлер деп аталады.

$$\frac{6}{4}\left(\frac{3}{4} + \frac{3}{4}\right); \quad \frac{6}{8}\left(\frac{3}{8} + \frac{3}{8}\right); \quad \frac{6}{16}\left(\frac{3}{16} + \frac{3}{16}\right); \quad \frac{9}{4}\left(\frac{3}{4} + \frac{3}{4} + \frac{3}{4}\right);$$

$$\frac{9}{8}\left(\frac{3}{8} + \frac{3}{8} + \frac{3}{8}\right); \quad \frac{9}{16} \text{ т.б.} \quad \frac{12}{8}\left(\frac{3}{8} + \frac{3}{8} + \frac{3}{8} + \frac{3}{8}\right) \text{ т.б.}$$

Күрделі тактілерде бірінші метрлік үлестің акценті қаттырақ болады, ол сол тактының қатты үлесі деп аталады, ал әрбір келесі метрлік үлес салыстырмалы қатты үлес болады.

Сөйтіп әрбір күрделі тактіде неше жай такты болса, сонша акцент бар деген сөз. Сонымен төрт үлесті тактіде 2 акцент бар.

Өртектес жай өлшемдер қосылып күрделі аралас өлшемдерді құрайды, оларды анықтайтын көлемдерді күрделі аралас көлемдер деп атайды. Оларды ішінде ең көп қолданылатын түрлері – бес үлесті және жеті үлесті көлем көрсеткіштері.

$$\frac{5}{4}\left(\frac{3}{4} + \frac{2}{4}\right); \quad \frac{7}{4}\left(\frac{2}{4} + \frac{2}{4} + \frac{3}{4}\right);$$

**Такт** дегеніміз – музыкалық шығармалардағы 1-ші қатты үлестен 2-ші қатты үлеске шейінгі аралық. Әрбір тактыда 1 қатты үлес, 1 немесе 2 жай үлес болады.

Тактылар такт сызығымен бөлінеді. Такт сызығы әрқашанда қатты үлестің алдына қойылады, оны ерекшелендіре түседі.

Музыканың жай үлестен басталуы **затакт** деп аталады. Затакт – толық емес такт, әдетте жарты тактыдан аспайды.

Затакт шығарманың ортасында да бола береді. Затактпен басталған шығарма көбіне толық емес тактпен бітеді, сөйтіп затактпен қосылып 1 толық такт

кұрайды да, музыкалық шығарманың формасын толықтырады, аяқталған түрінде бітеді.

Шығарманың аяғында қос сызық қойылады.

## 2.8 Өлшем. Дирижерлау.

Өлшем шығарманың басында жазылады. Ол бөлшек түрінде болады.

Мысалы:  $\frac{2}{4}$ ;  $\frac{3}{4}$ ;  $\frac{4}{4}$ ;  $\frac{6}{8}$  т.б.

Оның алымындағы сан тактыдан неше үлес бар екендігін, бөліміндегі сан әрбір үлестің ұзақтығын көрсетеді. Құрамында 1 – ғана қатты үлесі бар өлшемдер *жай өлшемдер* деп аталады.


Жай өлшемге мыналар жатады:


екі үлесті өлшемдерге мысал:  $\frac{2}{2}$ ;  $\frac{2}{4}$ ;  $\frac{2}{8}$ ;

үш үлесті өлшемдер:  $\frac{3}{2}$ ;  $\frac{3}{4}$ ;  $\frac{3}{8}$  т.б.

*Дирижерлау дегеніміз* - музыкалық шығарманы орындауды басқару. Сонымен бірге дирижерлау дегеніміз - ән айтқанда тактының ұзақтығын, үлестерінің ауысуын есептеу, шығарманың жылдамдығын қадағалау.


Дирижерлау негізінде екіүлесті, үшүлесті және төртүлесті төмендегідей қолмен сермеу фигуралары бар.

1) Барлық екіүлесті жай өлшемдер  екі сермеумен дирижерланады.

2) Барлық үшүлесті сермеумен:  үш сермеумен дирижерланады.

3) Барлық төртүлесті өлшемдер – қолды төрт рет сермеу арқылы төменге, сол жаққа, оң жаққа және жоғары қарай көрсетіледі.  $\frac{4}{4}$ ;

4) Төртүлесті өлшемдер 4 рет қол сермеумен дирижерланады.



Күрделі өлшемдер:  $\frac{4}{4}$ ;  $\frac{6}{8}$ ; өлшемдері.



2 немесе одан да көп жай өлшемдердің қосылуынан күрделі өлшемдер пайда болады. Күрделі өлшем құрамында неше жай өлшем болса, сонша қатты үлес болады.

*Музыкадағы өлшем дегеніміз* – ырғақтық құрылымдарды белгілі бір тәртіпке келтіретін өлшемдік шама болып табылады.


1-ші үлестің екпіні қалған үлестердің екпінінен күштірек болады, сондықтан ол *қатты үлес* деп аталады, ал одан гөрі күші азырақ үлестер *салыстырмалы қатты үлес* деп аталады.

Күрделі өлшемдерден кең тарағаны:

1) төрт үлесті өлшем  $\frac{4}{4}; \frac{4}{8};$

2) алты үлесті өлшем  $\frac{6}{4}; \frac{6}{8}$

Алты үлесті өлшемдер 6 рет қол сермеуімен дирижерланады. Оның негізіне 4-үлесті дирижерлау кіреді, тек төменгі және оңға қарай сермеу екі еселенеді.



Тез орындалатын шығармаларда  $\frac{6}{8}; \frac{6}{4}$  өлшемдері жай екіүлесті өлшемдердей дирижерланады (әр қолсермеуге 3 үлестен келеді).

**Нота жазуындағы қысқарту.** Нота жазуын үнемдеп, қысқарту мақсатында төмендегідей белгілер қолданылады:

1) Октава төмен немесе октава жоғары. Бұл белгі қосымша сызықтарды көбейтпеу, сөйтіп нота оқуын жеңілдету мақсатында қолданылады.

Октава төмен немесе жоғары орындау пунктері біткен жерде күшін жояды.

3) *Реприза* – шығарманың белгілі бір бөлегін немесе кішігірім шығарманы түгел қайталауда қолданылады.


Реприза аяғына вольта таңбасы қойылады – [ ] - квадрат жақша.

## 2.9 Интервал (дыбысаралықтар)

**Интервал** - (латын.сөзі intervallum - ара, аралық) – екі дыбыстың арақашықтығы, бұл ең негізгі өлшемдік шама.

## Интервалдар:


Гармониялық



әуендік

Әуендік интервал дегеніміз – дыбыстардың бірінен кейін бірінің келуі, олардың әуенді, сазды биіктікте орналасуы.


Мысалы:



негізі

Гармониялық интервал дегеніміз – екі дыбыстың бір уақытта(аккорд тәрізді) үндесіп келуі, ол негізінен жоғары биіктікке қарай жазылады.

Интервалдардың астыңғы дыбысын - *интервалдың негізі* деп, ал үстіңгі биіктіктегі дыбысын - *интервалдың шыңы* деп атайды.



негізі

Октаваның ішінде құралған интервалдарды жәй интервалдар деп атайды, олардың барлығы да дыбыс қатарының *до* дыбысынан құралады.

Интервалдардың қасиетіне қарай бөлінуі	
Сандық ( <i>басқыштық</i> )	Сапалық ( <i>тондық</i> )
Интервалдардың қанша дыбыстан құралғанын көрсетеді	Интервалдардың сапалық тазылығы мен қасиетін көрсетеді
1   Прима - бірінші	
2   Секунда- екінші	
3   Терция- үшінші	
4   Кварта- төртінші	
5   Квинта- бесінші	
6   Секста- алтыншы	
7   Септима- жетінші	
8   октава- сегізінші	

## Интервалдың түрлері:

Интервалдың түрлері:					
Жай	Құрамды	Диатоникалық	Хроматикалық	Консонанс	Диссонанс
Көлемі бір октавадан тұратын интервалдар	Көлемі бір октавадан асатын кең интервалдар	Диатоникалық дыбыс қатарының негізгі басқыштарының аралықтарындағы интервалдар	Негізгісі болып саналмайтын, я,ни жеті басқышты диатоникалық жүйеде кездеспейтін интервалдар	Дыбыстардың бір-бірімен үйлесім тауып,таза, тұрақты, жағымды естілуі	Дыбыс үндестіктері сәйкес емес,бір-бірімен үндеспейтін, қосылмайтын интервалдар
Прима Секунда терция кварта квинта секста септима октава	Нона Децима Ундецима Дуодецима Терц децима Квартдецим квиндецима			1.Өте жетілген к: т.1, т.8; 2.Жетілген к: т.4, т.5 3.Жетілмеген к: к.3, ү.3, к.6, ү.6	К.2, ү.2, ұл.4, аз.5, к.7, ү.7, т.6

Дыбыс қатарының негізгі басқыштық аралықтары мынадай интервалдардан тұрады:

№	Жай нтервалдардың түрлері:	Қысқаша таңбалануы:	Тон аралығы
1	Таза прима	т.1	0т.
2	Кіші секунда	К,2	$\frac{1}{2}$ т
3	Үлкен секунда	Ү,2	1т
4	Кіші терция	К,3	$1\frac{1}{2}$ т
5	Үлкен терция	Ү,3	2т
6	Таза кварта	Т,4	$2\frac{1}{2}$ т
7	Ұлғайтылған кварта	Ұл,4	3т
8	Азайтылған квинта	Аз,5	3т
9	Таза квинта	Т,5	$3\frac{1}{2}$ т
10	Кіші секста	К,6	4т
11	Үлкен секста	Ү,6	$4\frac{1}{2}$ т
12	Кіші септима	К,7	5т
13	Үлкен септима	Ү,7	$5\frac{1}{2}$ т
14	Таза октава	Т,8	6т

Жай интервалдардың айналым процесі: егер берілген интервал дыбыстарының біреуін өзінің тұрған орнынан қарама-қарсы октаваға көшіріп алмастырса, бір дыбысы бұл жағдайда орнында қалады.

Осының нәтижесінде интервал құрамындағы дыбыстардың ролдері аусып, жана интервал пайда болады.

Осылайша, интервалдың *негізі* – *шыңына*, *шыңы* – *негізіне* айналады.

## 2.10 Саз(лад) жүйесі мен тональдік.

«Лад»(саз) сөзі негізінен славян халықтарынан шыққан(ладить- үйлесімді, жатық айту, жарасу деген мағынаны білдіреді).

Бұл жүйенің құрамына кірген барлық музыкалық дыбыстар *саз басқыштары* деп аталады, олардың құрылымы мен саны әртүрлі болады.

Кез келген музыкалық шығарманың негізінде саздың белгілі бір түрі болады. Саз негізінде дамыған музыка өнері ежелгі грек жерінде пайда болып, содан бері халықтық және кәсіби музыкада кеңінен қолданылып келеді.

Әр елдің, әр халықтың өзіндік әртүрлі әуендері, сазы бар. Осы әуен-саздарды жасайтын музыкалық дыбыстар бір-бірімен тығыз байланыста болады, ол негізгі бір дыбыстың айналасына топтасып, белгілі бір жүйені құрайды, мұндай жүйе *саз* деп аталады, яғни бұл – музыкалық дыбыстардың биіктік қатынастарының бастауы, қайнар көзі деген сөз.

Шығыс халықтарының музыка мәдениетіне саз-лад – *пентатоника* деп аталады. Ладтың әдетте негізі екі түрі болады, олар:

1) *Мажорлық саз.*

2) *Минорлық саз.*

Тұрақты дыбыстары үлкен мажорлық үшдыбыстылық құратын жеті басқышы бар сазды – *мажорлық саз* деп атаймыз.


Оның негізі үш түрі бар: *натуралдық(табиғи) мажор, гармониялық мажор және әуендік мажор.* «Мажор» - *итальянша, латынша – үлкен, французша – қатты* деген ұғымды білдіреді.

*Мажорлық саздың* I, IV және V - *негізгі* басты басқыштары болып есептелінеді, ал қалған - II, III, VI - басқыштары *көмекші* басқыштар деп саналады.

*Мажорлық саздың* тұрақты және тұрақты емес басқыштары:



Тоникалық мажорлық үшдыбыс:



Саз басқыштарының жоғарылық орнына қарай гаммадағы атаулары:

I - басқыш – негізгі тон - тоника – Т

II – басқыш – төменгі кіріспе тон

III – басқыш - медианта

IV – басқыш - субдоминанта(төменгі доминанта) - S

V - басқыш – доминанта - D

VI - басқыш – субмедианта(мқменгі медианта)

VII - басқыш – жоғары көтерілуші кіріспе тон.


**Минорлық саз** дегеніміз - тұрақты дыбыстары минорлық кіші үшдыбыстық құрайтын жеті басқыштан тұратын ладты айтады.

Минор – *итальянша, латынша – кіші, жұмсақ* деген мағынаны білдіреді.


Минорлық саздың да негізі үш түрі бар: *натуралдық(табиғи) минор, гармониялық минор және әуендік минор.*

I және III басқыштар аралығындағы *кіші терция интервалы* – минор сазының өзіндік ерекшелігін айқындайтын басты белгі. Бұл саздың I басқышындағы тек тұрақты дыбыстардан тұратын үшдыбыстық, мажордағыдай *тоникалық үшдыбыстық*, оның тон жүйелігін құрайтындар – *тониканың примасы, терциясы және квинтасы* деп аталады.

*Мажорлық саздың тұрақты және тұрақты емес басқыштары, мысалы:*



Тоникалық минорлық үшдыбыс:



Алғашқы басқыш – тоникамен айқындалатын саздың орналасуындағы жоғарғы биіктік дәрежесі - **тональдік** деп аталады.

Қандай тональдік болса да, тоника дыбысының атымен аталып, белгіленеді.

№	Тональдіктің түрлері:			
	Мажорлық тональдіктер	Жазылуы:	Минорлық тональдіктер	Жазылуы:
1	До – мажор	C-dur	Ля-минор	a-moll
2	Фа – мажор	F- dur	Ре-минор	d- moll
3	Соль - мажор	G- dur	Ми-минор	e- moll
4	До#мажор	Cis- dur	Ре#минор	Des- moll
5	До♭мажор	Ces- dur	Ля♭минор	As-moll
6	Ре♭мажор	Des- dur	Ми♭минор	Es- moll
7	Си мажор	H- dur	Соль#минор	Ges-moll

Мажор мен минор тональдіктерінің жүйелі құрылуының жалпы жүйесін **кварта-квинталық шеңбер** деп атайды.

Дыбыстардың біріккен тіркестері қосылып үндестік құрайды, бұл үндестіктер музыкада **полифониялық және гомофондық-гармониялық** деп екіге бөлінеді.

Полифониялық үндестікке екі немесе одан да көп әуендік жолдардың үндескен құрамы жатады, ал гомофондық-гармониялық үндестікте – негізгі дауыс пен оны сүйемелдеуші болады.

Гомофонияда тұтасқан дауыстар дербес бөлінбейтін тік жинақтар музыкада – **аккорд** (латынша «*accordae*» - үйлестіремін) деп аталады.

*Аккорд* дегеніміз – үш немесе одан да көп дыбыстардан тұратын , тігінен орналасқан біртұтас жүйелі үндестік.

Аккордтың көр кездесетін түрлері: *үшдыбыстар*(*трезвучие*), *септаккордтар* және *нонаккордтар*.

*Музыкалық құрылым* дегеніміз – музыкалық материалдарды ұйымдастыру негізі, ол екіге бөлінеді: бірдауысты(монодиялық) және көпдауысты.

**«Музыка теориясының негіздері» пәні бойынша өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары:**

Үй тапсырмалары:			
Теориялық білімді қайталау.	Жазбаша жаттығулар	Музыкалық аспапта орындау.	Музыкалық шығармаларды талдау;
сыныпта өткен материалдарды оқулықтан немесе конспектіден оқып меңгеру;	Түрліше жазу таңбаларын, таза, әдемі, таза дұрыс, тез жазып үйрену;	Түрліше жазу таңбаларын аспапта орындап, тексеру, нотамен оқып, сольфеджиолап, ойнап үйрену.	Теориялық білімдерді, музыкалық шығармаларды танып, талдай білу, өз ойларынан шығарма жазу.

Бұл бөлімдер бойынша студенттерге үйге төмендегідей тапсырма беруге болады:

Мысалы:

1.Берілген мысалдардағы ноталардың ұзақтығын атау.

2.Төмендегідей мысалдарды әндетіп айту (кез келген ыңғайлы дыбыстау).

Жай дыбыспен, тең қозғалыста, ойша ширектік ноталарды есептеу, қолмен дирижерлап көмектесу т.б.

**Ойша есептеуге 1 –ші жаттығу.**


Қолмен әуеннің ырғағын соғып, санау, мысалы:

1 – 2  
(бір-екі),


1 – 2  
бір-екі,

1 – 2  
бір-екі,


1 – 2  
бір-екі




ля - ля - ля,



ля - ля,



ля - ля,



ля - ля -ля әуенімен

әндету;

**2-ші жаттығу:**

Ойша есептеу, қолмен санау, әндету. (Б.Ғизатовтың «Біз өмірдің гүліміз» әнін мысалға алу) т.с.с.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Дыбыс, музыкалық дыбыстар және олардың қасиеттері.
2. Жоғары және төменгі музыкалық дыбыста. Дыбыс қатары.
3. Музыкалық дыбыстардың атаулары және жазылуы.
4. Октавалар және олардың түрлері.
5. Ноталардың нота тұрағына жазылуы, саналуы.
6. Метр және такт, тактның көлемі, олардың түрлері. Затакт.
7. Кілт және олардың түрлері. Кілттік белгілер.
8. Жарты және бүтін тон. Көмекші басқыштар.
9. Альтерация белгілері.
10. Ноталардың ұзақтықтарын ұлғайтатын белгілер,
11. Паузалар және олардың түрлері.
12. Дыбыстар энгармонизмі. Диатоникалық және хроматикалық жарты, бүтін тондар.
13. Өлшем және ырғақ(метроритм). Жәй және күрделі өлшемдер.
14. Жай және күрделі өлшемдер(размерлер). Қатты және жәй үлестер.
15. Жылдамдық және олардың түрлері.
16. Дирижерлау схемасы, өлшемдерге қатысты дирижерлеу;
17. Ауыспалы өлшемдер. Синкопа.Вокальдық музыкадағы топтастыру;
18. Музыкадағы ұзақтықтардың түрлері, оларды шартты бөлу.
19. Екі дауысты музыка жазу. Хорға, муз.аспаптарға арналған музыкаларды жазу тәсілдері.
20. Ноталық жазуларды қысқарту белгілері. Реприза.
21. Интервал, олардың сандық және сапалық қасиеттері.
22. Диатоникалық және хроматикалық интервалдар.

23. Ұлғайтылған және кішірейтілген интервалдар. Интервалдардың энгармонизмдік теңдіктері.
24. Құрамды, консанастық және диссонанстық интервалдар.
25. Жай интервалдардың айналымдары.
26. Саз және оның түрлері, Саз туралы ұғым.
27. Мажорлық саз, саз басқыштары, оның гармониялық және мелодиялық түрлері.
28. Минорлық саз, саз басқыштары, оның гармониялық және мелодиялық түрлері.
29. Тональдіктер және олардың түрлері.
30. Тональдіктердің энгармонизмі. Кварто-квинталық шеңбер.
31. Ладтағы интервалдар. Натуралдық мажор мен натуралдық минордағы интервалдар.
32. Аккорд. Үндестік. Аккордтың түрлері.
33. Үшдыбыстылық, олардың түрлері және белгілері, үшдыбыстың айналымдары.
34. Әуен туралы түсінік, оның өзіндік өзгешеліктері мен қозғалыстық бағыттары, құрылымы.
35. Музыкалық құрылым және фактура, Мелизмдер.

### **3. Сыныптан тыс музыкалық тәрбие жұмыстардың түрлері және оны ұйымдастыру.**

Егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан, әлемдегі елуліктің қатарына кіру саясаты қоғам өмірінің ішінде, білім беру саласына күн тәртібіне қойылып отырған күрделі мәселелердің бірі – жаңа тұрпаттағы, жаңа ұстаздар даярлау, білім беру қызметіне жаңаша көзқараспен қарау, қолжеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралау, жастардың шығармашылық потенциялын дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Тәрбие түсінігін педагогикада кең және тар мағынада қарастырып өтетін болсақ: кең мағынасында: табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың, бүкіл бұқараның ұрпақтан-ұрпаққа берілетін қоғамдық-мәдени тәжірибесі, адамгершілік құндылықтарымен үлгілерін беруі, ықпалы.

Тар мағынасында: адамның бойында, қарым-қатынасында белгілі бір сапаларды қалыптастыруды көздеген арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмысы.

Тәрбие – бұл педагогикалық құбылыс, яғни жеке тұлғаның мақсатты нәтижеге бағыттала ранайы ұйымдастырылған тәрбие жүйесінде тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасы арқылы қалыптасу үрдісі.

Тәрбиенің қалыптасқан түрлері мен даму тарихына көз жіберетін болсақ:

1. Авторитарлық тәрбие
2. Демократиялық тәрбие
3. Еркін тәрбие
4. Педалогия
5. Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу



6. Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие.

«...Неғұрлым адам тәрбие өнерін теориялық немесе тәжірибелік тұрғыда аз білсе, соғұрлым ол оған өте таныс, түсінікті, жеңіл іс секілді көрінеді. Тәрбиенің үлкен шыдамдылық қажет ететінін жұрттың бәрі біледі, кейбірі ол үшін туа берілетін қабілеттілік, іскерлік, дағды керек деп ойлайды. Ал тек аздаған адамдар ғана шыдамдылық, туа берілген қабілеттілік, пен қалыптасқан дағдыдан басқа да арнайы білім керек екеніне көздері жете бастайды», - деп жазады Ушинский өзінің «Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии» деген еңбегінде.

Л.Н.Толстойша айтатын болсақ: «...тәрбие дегеніміз – бізге жақсы болып көрінетін адамды қалыптастыру мақсатындағы біреудің екінші адамға әсер етуі». Мектеп пен балабақша, колледж, университеттер бұлардың барлығы да - тәрбие ошақтары, себебі білім беру ісі тәрбиемен ұштаспаған жағдайда нәтижесіз болатындығы – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Ендеше сол мекемелердегі тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізіп ұйымдастыратындар – сынып жетекшілері, музыка пәнінің оқытушылары, топ кураторлары.

Ал бұл қызмет мектеп өміріне ғасырдың бас кезінде енгізіліп, Кеңестік дәуірге дейінгі орта оқу орындарында оқушыларды тәрбиелеу міндеті сыныптағы үйретуші-ұстаздарға тапсырылды, олар сынып оқушыларын бақылап, тәртіптеріне жауап берді, яғни тәрбие жұмыстарының ұйымдастырушысы болды.

Адамның тұлға болып қалыптасуы оның қоғам-дық және еңбектік қатынастарға жекелей түсуі, әрекетке араласуына тікелей тәуелді. Еңбек адамдағы жағымды сапаларды дамытады, яғни еңбек қарқынды болған сайын тұлғаның әлеуметтену және даму деңгейі жоғарылай түседі.

Сондықтан тәрбиеленушілерді қоғамдық өмірге, әртүрлі пайдалы істерге араластырып, оларға деген жағымды қатынасын қалыптастыру қажет. Еңбекке араласа отырып, адамгершілік құлық тәрбиесін алған тәрбиеленушілер рухани және дене жағынан қатайып, еңбектің қоғамдық маңызды мотивтерін ұғынады, өзіндік ар-ұят сапаларын бекітіп, жетілдіреді.

Тәрбие "Мектеп үшін емес - өмір үшін" деген ұранмен ежелгі римдік мектеп өз оқушыларын күтіп алады екен. Сол кездегі ежелгі педагогтардың өздері өмірден, тәжірибеден ажыраған тәрбиенің ешқандай мәні болмайтынын сезген.

Өмір мектебі – ең күшті тәрбие мектебі. Сондықтан тәрбиенің өмірмен байланысты болуы принципі көптеген тәрбие жүйелерінің негізгі принципі болып табылады. Ол тәрбиешілердің мынадай екі бағыттағы белсенді іс-әрекетін талап етеді:

- 1) әртүрлі өзгерістері мол қоғамдық және еңбектік өмірмен тәрбиеленушілерді кең және нақтылай таныстыру;
- 2) тәрбиеленушілерді шынайы өмірлік қатынастарға, әртүрлі қоғамдық пайдалы еңбектерге араластыру.

И. П. Павлов адам ағзасының өмірлік іс-әрекеті қоршаған орта әсерінен, өмір сүру жағдайына байланысты екендігін атап көрсеткен. Бұл әсерді ол "өмірлік

тәрбие" деп атаған. Бұл тәрбиені, яғни "өмір мектебін" барлық өскелең ұрпақ өз басынан өткізеді.

Нәтижеде оларда әрекет-қылық тәжірибесі жинақталады, қоғамдық өмірге кірісуге қажетті дағдылар қалыптасады.

Қазіргі қоғамдағы, өмірдегі түрлі жаңаша өзгерістер, мұғалімдердің тәрбиешілік қызметін үйлестіруді, біріктіруді талап етті, сабақтан тыс оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесі күн тәртібіне қойылды, сондықтан ғасырдың 20-шы жылдарында стихиялы түрде тәрбие жұмысының жетекшілері пайда болып (1934 жыл, 28 маусым), олар оқу топтарына бекітіліп, оларды топ жетекшілері деп атады.

Топ жетекшісі немесе кураторларының қызметі күрделі де сан қырлы, олар өз тобымен жұмыс жасайтын барлық оқытушылармен тығыз ынтымақтаса отырып, оқушы-жастарды биік адамгершілік рухта тәрбиелейді, топ ұжымын ұйымдастырып, олармен бірге сабақтан тыс уақыттарда алуан түрлі жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиенің болашақ нәтижелерін жобалағанда тәрбиеленушілердің мүмкіншілік

пәрменділігінің кейбір сапаларды қалыптастыруда азаятынын, жасына байланысты жүйке жүйесінің нәзіктігін, сыртқы әсерлерге психологиялық қарсылықтың көбейетінін, сензитивті кезең қажеттерінің өзгеруін естен шығармаған жөн.

Тәрбиеші сүйенетін оқушының жеке ерекшеліктерінің қатарында олардың қабылдау, ойлау, есте сақтау, сөйлеу, мінез, темперамент, ерік бітістерін атауға болады. Бұл және басқа да ерекшеліктерді айыра тану тәрбиелеуде қиынға соқса да, тәрбиеші табысқа жетуді ниет қылса, қосымша уақытын, күш-жігерін, құралдарын пайдаланып, тұлғалық сапаларды толық және нақты танып-білуге ынта-ықыласты болуы шарт.

Тәрбиеші қазіргі заманғы оқушылардың білім деңгейінің жоғарылығын ескере отырып, өзі де жан-жақты дамып отыруы керек, яғни өз мамандығы төңірегіндегіні ғана біліп қоймай, сонымен қоса саясат, өнер, мәдениет саласындағы білімдерді жинақтап, өз тәрбиеленушілеріне өзін адамгершіліктің жоғары үлгісі ретінде, адамдық қадір-қасиеттің, құндылықтың таратушысы ретінде танылуы тиіс.

Балалық және жеткіншек жастағы тұлғалық сапалардың жылдам қарқынмен қалыптасуы озық әрекет етуді, тәрбиеленушіден даму желісіндегі тәрбие мазмұны мен оның ұйымдастырылуы, әдістері және формалары арасында қайшылық туындамай тұрғанда, жағымсыз әдеттер баланың жан дүниесіне орнығып қалмай тұрып, алдын-ала қимылдауды қауырт талап етеді. Әйтсе де, талаптарды күшейте отырып, тәрбие ықпалдары бағытталған тәрбиеленушілердің шама-шарқын ескерген абзал.

Мұндағы сынып жетекшісінің міндеті: музыка пәні мұғалімімен бірігіп түрлі шараларды, музыкалық жұмыстарды ұйымдастыру, өткізу, қызметті ұйымдастыру, оқытушылармен кездесіп бірыңғай талаптардың орындалуын қадағалау, олардың қатысуымен кіші педагогикалық кеңестен бастап, әртүрлі шаралар өткізу, жақсы нәтижеге жету жолдарын көрсете отырып, талқылау,

яғни өз тобындағы оқытушылардың тәрбиелік міндеттерінің толығырақ жүзеге асуына көмектесу.

Тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары қоғамдық және құқықтық тәрбие, интернационалдық және патриоттық тәрбие, мәдени-эстетикалық және этномәдени тәрбие, оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық мүмкіндігін дамыту, жатақханалардағы тәрбие жұмысы, спорттық түрлерін дамыту және салауатты өмірді насихаттау, мерекелік басқа да түрлі музыкалық іс-шаралар, оқушы-жастарды тәрбиелеудегі проблемаларға байланысты ашық тәрбие сағат, семинарларды ұйымдастыру және өткізу.

Тәрбие процесінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, әлеуметтік қасиеттерден құралады.

Тәжірибе жүзінде бұл мазмұн өзіне барынша сәйкес келген ұжымға өтеді. Егер бұл сәйкестік бұзылса, онда тәрбие қиын және шешілмес дағдарыстарға тап болады.

Тәрбие процесінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары жеке, шағын топтық, топтық (ұжымдық) және бұқаралық болып бөлінеді. Топтағы (ұжымдағы) тәрбиеленушілер саны 5-7-ден 25-40 дейін болса, бұқаралық формада оның шегі болмайды.

Тәрбие процесінің пәрменділігі оны ұйымдастырудың формасына байланысты. Тәрбиеленушілер саны тәрбие жұмысының мазмұнына және оны басқаруға әсерін тигізеді.

Сыныптан тыс жұмыстар дегеніміз - оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын ұйымдастыратын мектептегі оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі.

Педагогикалық әдебиеттерде (Л.Р.Болотина, М.Б.Кравченко, Е.А.Саркисян, Г.Ф.Суворова, П.Н.Лосев, В.О.Кутьев, А.Г.Глущенко, С.А.Смирнова және т.б.) сыныптан тыс жұмыстардың мәні, мақсаттары, оқушылар тәрбиетіндегі рөлі, оқу-тәрбие процесіндегі мүмкіндіктері, оқу пәндеріне қызығушылығын және танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы бағыттары қарастырылады.

Онда негізінен сыныптан тыс жұмыстар жоспарының үлгісі, бағдарлама мазмұны, оны пайдалану әдістемесі ұсынылады.

Сыныптан тыс жұмыстың оқу бағдарламаларын тереңдете оқыту аса қажет екенін атап көрсетеді. Олардың пікірімен толық қосылуға болады, өйткені сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылатын жұмыс түрлерінің қайсыбірінің болмасын мүмкіндіктері өте жоғары.

Мектептегі музыка сабағында мөлшерлі ғана уақыт берілетінін еске алғанда, бұл жұмыс формалары оқушыларға ең бірінші музыкалық адамгершілік сезімдерін іске асыруға үлкен үлес қосады.

Мысалы, музыка сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытуда тигізетін әсерінің неғұрлым тиімді болуы үшін, музыка жайлы әңгімені жан-жақты ойластырып, анық мақсат қойып, дұрыс ұйымдастыру шарт. Онда ең алдымен мына мәселелерді ескеру қажет:

- шығарманың мазмұны, шығу тарихы, сазгердің шығармашылығы т.с.с. туралы.

- оқушыларға белгісіз жайларды қоса, қызықты, толық мағлұмат беру;
- сабақтағы музыка өмірімен байланысы;
- шығарманың музыкалық тілінің мәнерлілігі;
- педагогтік мақсатқа бағыттылығы.

Оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытудың сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың, музыка туралы әңгіме, тақырыптық концерттер, музыкалық сайыстар, викториналар, жұмбақ концерттер, концерттік залдар мен музыкалық театрларға бару сияқты әр түрлі формаларының өте керек екендігін айту қажет.

Мектептен тыс және сыныптан тыс музыкалық жұмыстарды жүйелі түрде жеткізіп отыру оқушылардың музыка сабағынан алған білімін бекітеді және толықтыра түседі, өмір мен өнердегі әсемділіктен алған адамгершілік сезімдері, балалардың музыкалық ой-өрістерін дамытады.

Мектептегі сыныптан тыс өткізілетін жұмыс формаларының, әсіресе, ұзартылған күн топтары үшін маңызы айырықша. Бұл топтарға қатысатын балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білу өте қажет.

Музыка туралы әңгімелер, сүйікті шығармаларды тыңдау, талқылау, тағы да басқа сыныптан тыс жұмыстар түрлері осы музыка сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезімдерінің даму рөлі өте зор.

*“Балаларды ережелермен тәрбиелеуге болмайды, олар естен шығып кетеді. Егер баланы бір нәрсеге үйреткің келсе, оған тәжірибе арқылы әркез дағдыландыр, мүмкіндік болса, үйренуіне жағдай тудыр”,* - деп жазады атақты француз материалисі, ұлы педагог Дж.Локк, ал бүкіл қазақтың мақтанышы М.Жұмабаев: *“Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің өзіндей қылып шығару емес, заманына сай етіп шығару”* деп тәрбиенің ең негізгі мақсатын айқындай отырып, осылайша ой қорытады.

Мектеп оқушылары қашанда осы музыкалық-адамгершілік сезімдерінің дамуы арқылы әр түрлі жетістіктерге жете алады.

Ғалымдардың пікірі бойынша, сыныптан тыс жұмыстың оқу бағдарламаларын тереңдете оқыту аса қажет екенін атап көрсетіледі. Олардың пікірімен толық қосылуға болады, өйткені сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылатын жұмыс түрлерінің қайсыбірінің болмасын мүмкіндіктері өте жоғары.

*Сыныптан тыс жұмыстар:*

- оқушының сабақта меңгерген жеке басына тән білім іскерлік, дағдысын, қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік туғызады;
- оқушының тәжірибесін жетілдіреді, ойын фольклорының түрлерінен білім қорын молайтады, эмоционалды тұрғыда қабылдай білуге машықтандырады;
- оқушының фольклор түрлеріне қызығушылығын дамытады, іс-әрекет белсенділігін арттырады;
- оқушыны ұжыммен бірлесе өткізетін іс-шараларда белсенділік көрсетуге дағдыландырады.

*Бұл жұмыс формасының ерекшелігі* – оқушыларды шығармашылыққа баулиды, танымдық қабілетін дамытады, шапшаң қимылдауға, қимыл-қозғалыстың түрлерімен танысып, дене бітімдерін шыңдайды, өкпе, тыныс жолдары жақсарып,қан айналымдары жақсарып, бұлшық еттері нығаяды.

Мұндай ерекшелік мынадай жағдайларда байқалады:

- оқушының балалар музыкасы саласынан меңгерген біліміне сенімділігін арттыруда;
- бірлесіп түрлі іс-шараларды өткізу дағдысын қалыптастыруда;
- оқушыда музыка өнеріне деген қажеттілікті қалыптастыруда;
- оқушыда танымдық қабілеттерді қалыптастыруда;

Осылайша сыныптан тыс жұмыстар арқылы музыканы пайдалану оқу-тәрбие процесіне де септігін тигізеді, тәрбие мәселесін шешуде көмектеседі.

*Сыныптан тыс жұмыстың атқаратын функциясы:* оқушыға білім береді, дамытады, тәрбиелейді. Осылардың ішінде, әсіресе, дамыту функциясының рөлі ерекше. Ол балалардың танымдық қабілетін анықтап, музыкалық-эстетикалық қызығушылығын жетілдіреді, гумандық көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Мысалы, нақты бір фольклор түріне қызығушылық танытқан балаға мұғалім сол саладан қызықты деректер келтіреді, қызығушылығына сәйкес тапсырмалар береді, білімін толықтыруға байланысты мүмкіндіктер тудырады және сол арқылы оның қызығушылығын бекіте түседі.

*Сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың мазмұны* оқушылардың білім мен тәрбиені меңгерудегі іскерліктері дағдыларын жетілдіреді өздігімен білімін жетілдіруге бағыттайды.

Өртүрлі сыныптан тыс ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы (түрлі ойындар, жарыс-сайыстар, КВН, кештер, мерекелік шаралар, театрландырылған көріністер, сюжетті-рөлдік ойындар, ауызша экскурсиялар, өнер адамдарымен кездесу т.б.) оқушылар дербес жұмыс жасау, мәдени қарым-қатынас жасау, ұжыммен бірлесе жұмыс жасау іскерлігін (кездесулер ұйымдастыру, спартакиадалар, ойын-жарыстар, әдеби-музыкалық кештер, экскурсияға шығу, сюжеттік-рөлдік ойындар және т.б.), моральдық-этикалық талаптарды сақтау іскерлігін меңгереді.

*Практикалық сабақтарда мұғалімдер оқушыларға* ойша музыкалық әуендер құрастыру, оны нотаға түсіру, жұмбақ-жаңылтпаштар жаттау, ролдерде ойнау, скетчтер, шағын үзінділер дайындау, баяндама, реферат, кішігірім сценарийлер жаздырады, осылайша дербес шығармашылық ізденістерін жетілдірілдіруге талпындырады.

Нәтижесінде бұл өзінің тиімділігін көрсетеді. Мысалы, осындай түрлі музыкалық жұмыстарды орындауда төменгі сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық және музыкалық білімі жетілдіріледі, қажетті құжаттарды, ролдерді сұрыптай білуге үйренді.

Мұндай музыкалық жұмыстардың екінші бір тиімді жағы, мысалы, реферат тақырыптарының мазмұны арнайы музыка сабағында берілген тақырыптарды тереңдете меңгеруге көмектессе, оны орындау барысында музыка пәні мұғалімі қызықты-қызықты әдеби шығармаларды зерделейді, әдіснамалық-теориялық зерттеулермен танысады, мектептің озық тәжірибелерін зерттейді және өзінің педагогикалық шеберлігін шындап, эксперимент жүргізуді үйренеді.

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінде ойын фольклорын пайдаланудың маңызы өте зор және ол бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне айтарлықтай өзгеріс енгізеді.

Мысалы, сабақ барысында оқушылар балаларға арналған халық әндерін, жалған ат қою және мазақтамалар, мақал-мәтелдерді, ертегілерді, аңыз-әңгімелер мен эпостық жырларды, әндер мен күйлерді, термелерді, яғни халық өнерімен тереңдеп танысып, өз халқының салт-дәстүрі мен музыкасынан сусындауға үйренеді.

Осы орайда, мектептегі сынып жетекшілері де халық музыкасы пайдаланылатын іс-шаралардың барлығының тәрбиелік мүмкіндіктерінің орасан зор екендігін атап көрсетеді.

Дейтұрғанмен, көпжылғы тәжірибе барысы көрсеткендей және зерттеу мәліметтері, көпшілік жағдайда бастауыш сынып оқушыларымен музыкалық сабақтарды ұйымдастыратын көбінесе музыка мұғалімдері өздері деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді, ал сынып жетекшілері негізінен топ-сыныптарда жұмыс істейді. Топ-сыныптарда жұмысты ұйымдастыру анағұрлым жеңіл, онда тәрбиенің әртүрлі әдістері мен тәсілдері қолданылады, әр алуан тәрбиелік міндеттер шешімін табады.

Әйтседе, бүгінгі күнде сыныптан тыс уақыттағы музыка мұғалімдерінің тәжірибесінде жоспарлау мәселесі әлі де болса өзінің шешімін тауып отыр деуге болмайды.

Мектептегі музыка мұғалімдері сыныптан тыс уақыттарда музыка сабағын жүргізетін мынадай таза музыкалық сипаттағы мәселелерді шешуге тырысады: мектеп оқушыларының музыкаға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, музыканың қарапайым ілімдерін үйрету, музыкалық есту және ән айту дағдысын, дауысын дамыту, вокальды-хор дағдысын, таза айтуға үйрету, халықтық және классикалық музыкалық шығармаларды аспаптарда ойнап, дирижерлап айта білуге дағдыландыру, халықтық және классикалық музыкаларды мәдениетті тыңдау дағдыларын, жоғары көркемдік талғамын қалыптастыру. Осыған байланысты олар сабақтан көрі, лекторий формасын жиі пайдаланады.

Тәрбие жұмысының бұл формасы мектеп оқушыларына көптеген ақпараттық материал береді, олардың музыка өнеріне деген қызығушылығын оятады, алайда ол оқушылардың белсенді демалуына мүмкіндік туғызбайды, сабақтарда жұмыстарға байланысты туындаған ақыл-ой күшін алып тастай алмайды, өздігімен дербес дайындықта үй тапсырмасының орындауларын қиындатады. Осы жұмыстағы басты міндет оқушылардың ой-өрісі мен көзқарасын, ақыл-ойын дамытып, мектепте алған білімдерін тереңдетіп, шығармашылығын кеңейту болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай сыныптан тыс түрлі музыкалық бағыттағы іс-шаралардың тәрбиелік мүмкіндіктері туралы айта отырып, осы жағдайда, бастауыш сынып оқушыларын музыка сабағы негізінде олардың жалпы көркемдік-шығармашылығын дамытудың міндеттері де тиімді шешімін табуы тиіс.

Олай дейтініміз, мұны оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін дамытудан; олардың қазақ халық жұмбақтары саласынан білімін дамытудан; олардың қазақ музыкалық аспаптары туралы көзқарастарын дамытудан; әдеби

қабелеттерін дамытудан; тіл мәдениетін жетілдіруден; ұлттық мәдени рухты түсінуінен көруге болады.

Тәрбиелік мүмкіндіктердің мұндай кең көлемі жалпы білім беретін мектептердің төменгі сыныптарында өтетін музыка сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстардың сапасымен түсіндіріледі.

Мысалы, қызықты да өзіндік құрылымды қазақ халық ертегісі жанры бойынша оқытылатын музыка сабақтарынан көруге болады.

“Күн астындағы Күнекей қыз” ертегісін түсіндіру барысында оқушылар ертегі мәтініне және театрлық үзіндісіне әуендер жазу тапсырмасын орындайды. Мектептегі музыка сабағының ерекшелігін ескере отырып, халық музыкасына айырықша назар аударылады, мұнда музыкалық компонент айшықты берілді. Сондықтан оқушылар халықтың ән-күйлерімен, ертегілерімен жүйелі түрде танысады, өйткені олардың өздері жазған әуендерін шығармашылық-суырыпсалмалық тұрғыда көрсетуге, тақпақ мәтіні мен ритмикалық көріністі көрсетуде мүмкіндіктері болады.

Мұндай ертегіге “Ақсақ киік” қазақ халық ертегісі де үлгі бола алады. Оқушылар ертегі бойынша музыкалық үзінділер жазады, түрліше жаңа әуендер құрастырады (“Күнекей”, “Домбыра әні” және т.б.).

Сабақтың осындай тиімділігін бағалай отырып, оның құндылығын былайша бағалауға болады - мұнда мұғалім сабақтың ақпараттық функциясымен ғана шектеліп қалмайды, ол дамыту міндеттерін де тиімді шешеді.

Жалпы білім беретін мектепке балалардың әртүрлі музыкалық даярлықпен және әртүрлі музыкалық қабілеттермен түсетінін ескеретін болсақ, бұл төменгі сынып оқушыларына музыка пәні арқылы тәрбие беру үрдісін күрделендіре түседі.

Музыканы түсіну, қабылдау, оны мектептің оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан және оны әртүрлі бағытта қарастырған: музыкалық қабілеттілік, музыканың теориялық қарапайым ілімдерін үйрену, музыкалық дыбысты сезіну, оның дыбыстың деңгейін, екпіні мен ырғағын ажырата білу, музыкалық реңк компоненттерінің ерекшеліктері және т.б.

Теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелерін негізге ала отырып Б.М.Теплов: «көркемдік шығарма - баланың алдында алғашқы күннен бастап негізгі объект ретінде қызмет атқармайды. Ондай болмас бұрын, ол бала үшін мазмұнды, түсінікті болуы керек, яғни тура айтқанда түсінікті объектінің бірі болуы керек».

Бұл қағиданы Е.В.Назайкинскийдің: «Балалар білмейтін нәрселерін, өздерінің өмірінде практика жүзінде таныспағанын түсінбек түгілі, ести де алмайды» – деген сөзімен толықтыруға болады.

Педагогикалық зерттеулерге талдау беру негізінде музыка өнерінің ерекшелігі мынада деуге болады: мектепте оқылатын басқа пәндер өздерінің мазмұны бойынша нақты пәндік түсінікті (адамдар, орман, сандар және т.б.) ұстанады, ал музыкада ондай жоқ, бұл арада ерекше белгі болып музыка тілінің құрылымы саналады.

Ол дыбыстарды үдету, жылдамдату, баяулату арқылы, дыбыстарды көбейту, ақырындату арқылы нақты бір музыкалық логикада музыканың іс-әрекеттің сипатын көрсетеді.

Соңғы жылдары тәрбиелік жұмыстардың келесідей формалары кең тарап, мектеп тәжірибесіне енуде:

Көпшілік тыңдарман тәрбиеленушілерге арналған дәрісбаяндар : әдемі әрі сәнді жағдайда 15-20 минут аралығында ұсынылатын қызықты да тосын мысал, деректерге бай жарқын ақпарат тәрбиеленушілердің баяндалып жатқан құбылыс не оқиғаға болған көзқарас, қатынасын жаңа қырынан қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Сократтық сұхбат» - кезегімен қосымша сұрақтар қоя отырып, оларға жауап тауып, қойылған проблеманың көптеген балама шешімдерін кеңінен қарастырумен біртіндеп шындыққа жету жолы.

Ашық микрофон формасы қоғамдық өмір проблемаларын талқылау үшін қолданылады.

Фәлсафалық бас қосу – тәрбиеленуші өмірінің мән-мағынасын тереңдей түсінуге арналған ғұламалық сұхбат-кеңес.

Белгілі тақырып бойынша пікір-сайыс – екі топ кезегімен ой толғаныстарын ортаға салып, өз жобаларын қорғайды.

Интеллектуалдар саудасы – ақыл-ес әрекеттерін жарыстырудың ойын формасы. Ұсынылған «тауарды» – кітап, сурет, күйтабақ, қолөнер туындысы және т.б. «сатып алу» үшін, қатысушы қалаған затына байланысты өз білімдерін жария етуі тиіс.

Мамыра жай әңгіме- сезім төрінде жатқан құпия көңіл сырларын бөлісу, тәлімдік мазмұнды өмір құндылықтары жөнінде сұхбат.

Даналар күні – арнайы күні, ұлы ғұламалар мерейтойларына орай өткізілетін танымдық, құндылықты бағыт беретіндей қызықты да мазмұнды шара.

Кесірлі дөңгелек стол – алдын ала жинақталған пікір таласты материалдар негізінде заманның көкейкесті проблемалары жөніндегі тәрбиеленушілердің пікірін біліп, олар бойынша талдау салуға арналған сөз-жарыс.

Халқымыздың ұлы перзенті Абайдың: «Артыңа із қалдырғыңыз келсе, кейінгі ұрпаққа адамгершілік нұрын сеп, білімге тәрбиеле, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» - деген өсиеті мен болашақ ұрпақты өнер-білім арқылы тәрбиелеудің қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейді.

Қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкерлі педагог-мамандарды қатыстыру қажеттігін мойындап отыр.

Қазақ халқының тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин болашақ қазақ мектебі туралы былайша ой білдірген еді:

«Қазақ мектептері – қазақтарға білім берудің басты құралы... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім берілетін болсын... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады».



Бүгінгі таңда, жалпы орта білім беретін мектепте жас ұрпаққа көркемдік білім мен тәрбие беру жүйесінде көркем әдебиет, музыка өнері, бейнелеу өнері сияқты эстетикалық мәндегі пәндер арқылы оның ішінде, халықтың дәстүрлі музыкалық өнерін игерте отырып, жас ұрпақтың бойында әсемдікті қабылдау, сезіну, өнер шығармалырын әсемдік заңдылықтарына сәйкес бағалай білу қабілеттерін қалыптастырудың қажеттілігі маңызды мәселенің біріне айналуда.

Осы орайда ұлы ақын М.Жұмабаев: «Жаратылыстың, һәм искусствоның сұлу заттары адам жанының сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл...сұлу ай...жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері.. адам жанына бір ләззат, бір сұлулық толқынын оятып туғызбай қоймайды... Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сау ләззат ізденуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тиылуына көп көмек көрсетеді.

...Сондықтан баланың сұлулық сезімдері жақсы тәрбие қылуына тиісті...», деп, адамдардың өмірдегі, өнердегі сұлулық пен ұсқынсыздықты дұрыс қабылдауы, түсінуі мен сезінуі, эстетикалық қызығушылық пен эстетикалық тәрбиенің басты міндеті екендігін ескертеді.

Демек, музыка сабағы негізінде бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру, табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу, дүниедегі әдемілік атаулыны бағалауға және оны тануға, қастерлеуге баулиды, одан керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады.

Сондықтан да, келешек ұрпақты музыканың түрлі жанрларын сүйсіне тыңдайтын, музыка теориясының негіздерін теориялық толықтай меңгерген сауатты, оны тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, яғни өзінің сүйетін әнін нота арқылы музыкалық аспапта сауатты ойнап немесе дауыстап айтып беретін жағдайға жеткізу, дәстүрлі музыканы құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу керек.

### **Мектеп оқушыларының шығармашылық еңбектерінен үзінді:**

#### **А) Қазытпа-мазақтама:**

*Бе-ре-ке-сіз Жа-на-бай,*

*кер-дең қа-ғып, үй-і-не,*

*ке-тіп қал-ды қа-ра май,*

*Бес еш-кі-сін ба-ға(а)л-май...*

*(3«ә», Асылханова Г)*

#### **Ә) Жаңылтпашқа жазған туынды:**

*...Ор-та қой-дым, Тор-та қой-дым, Тор-та қой-дым, Жор-та қой-дым...*

*(4«г», Қалиев С)*

#### **Б) Қазақтың халық аспаптары бойынша құрастырған кейбір әуен-жұмбақтардан үзінді:**

1. *Жакенова Жаңылтай, 3 “а”:*

“Ескектің басы сияқты екі жағы да, жалпақ, бірақ темірден сылдырмақтары бар” (Асатаяқ).

2. *Саматова Жәмила*, 3 “б”:

“Таяқ тисе зарлайды, көңіл-күйді қолдайды” (Қобыз)

3. *Айдынұлы Айқын*, 3 “б”:

“Қарапайым түтіктен, үн шығады үдеткен” (Сыбызғы)

4. *Хасанов Асхат*, 3 “а”:

“Жеті асықтың үстінде орын тапқан, үнімен тыңдарманның көңіліне жаққан” (Жетіген)

5. *Серікқызы Қарлығаш*, 3 “б”:

“Ортасында тілі бар, қоңыр дауыс үні бар” (Шаңқобыз)

6. *Еңсепов Әділет*, 4 «ә»:

“Бір жансыз мойнында бар екі құлақ,  
Ойнады дәл үстінде оншақты лақ,  
Белінде сегіз белбеу, қолда екі арқан,  
Қояды әркім оны бұрап-бұрап.  
Бар екен маңдайында жалғыз көзі,  
Болады тоқсан түрлі айтқан сөзі” (Домбыра)

### **В) Сабақ үлгісі: “Қазақ халқының музыка өнері”**

*Сабақтың тақырыбы:* “Қазақ халқының музыка өнері”

*Сынып:* 3 «ә» сыныбы

Сабақтың басында әңгіме жүргізіледі, халық аспаптары көрсетіліп, күйтабаққа жазылып алынған әндер мен күйлер тындатылады, олар туралы жазылған өлеңдер оқылып, жұмбақтардың шешімі іздестіріледі.

Сабақтың ең бір көтеріңкі жерінде оқушылар “*Алдар Көсе және оркестр*” деген музыкалық ойынға қатысады.

Сынып екі топқа бөлінеді орындаушылар (“ұлттық аспаптарда ойнаушылар”), тыңдармандар.

Үйірме мүшелері алдын-ала, мұғалімнің жетекшілігімен тақпақтар жаттайды, көріністерден үзінділер, ойындар даярлайды.

Мұғалім (жүргізуші) іс-әрекет барысында басшылық жасауына болады. Ойын басты кейіпкерлер Алдар Көсе мен сыныптың арасында диалог түрінде құрылады. Ойынға қатысушының әрбірі бір концерттік номер орындайды және орындап тұрған әнімен (немесе күйімен) тыңдармандарды таныстырады.

Сабақтың соңында жүргізуші тыңдаған пьесалары бойынша шығарма жаздырады және оны оқушыларға ойнатады.

Ойынның барысын толығырақ былайша көрсетуге болады:

Жүргізуші сынып оқушыларына ерекше концерт болатыны туралы хабарлап, соған келулерін өтінеді, бірақ басты рөлдерді кімдердің орындайтынын

хабарламайды. Мұғалімнің орындауында Д.Мацуциннің фортепианоға арналған “Қазақ тақырыбына жазылған сюитасы” орындалады.

Осы кезде Алдар Көсе:

“Мен Алдармын, Алдармын, той думаннан қалмаспын, сәлеметсіңдер ме балалар! Мені білмейтін адам жоқ. Мен – Алдармын!” , - деп оқушылардың алдына шығады.

Сөздің соңында Д.Мацуциннің музыкасы қайталанады, бір оқушы шығады да барабанда музыканың ритмін ойнап көрсетеді, оқушылар осы ритмді алақандарымен соғып көрсетеді.

Алдыға Алдардың досы шығады:

Мен Алдардың досымын,

Қасындағы қосымын,

Қыдырысты қоймаймын,

Домбырада ойнаймын”.

Оның орындауында қазақтың домбырасында Дәулеткерейдің “Қос алқа” күйі тыңдалады.

Ойын барысында Алдар Көсе тыңдарманнан ойыншаға көмектесуін сұрайды. Тыңдарман асатаяқта, барабанда, сылдырмақта күйдің ритмін ұстауға талпынады. Оқушы қыздар күйдің ырғағына қарай би қимылдарын көрсетеді.

Алдар Көсе Тазша баланы ортаға шақырады:

“Айталы – епті тазшамын,

Жақсылармен басқамын,

Көңіл-күйді көтерер

Ән-жырларға басамын” –

деп Тазша бала Жаяу Мұсаның “Ақ суса” әнін орындайды, оған сынып оқушылары қосылады.

Кейбір оқушылар қолдарына домбыра ұстап, ортаға шығып, қазақ билерінен элементтер көрсетеді.

Ортаға тосыннан аты елге мәлім емес бір күйші шығып, тыңдарманға қарап:

“Бәрің былай кетіндер,

Маған орын беріндер,

Қобызымды ойнайын,

Сіздерге сәлем жолдайын” . –

деп күйтабаққа жазылған Ықыластың күйлерін қойып, өзі қобыз аспабында сол күйді орындап отырғандай болып иммитациялық көрініс береді (яғни өзі ойнап отырғандай сенім береді).

### Г) Әуенді терапия.

**Мақсаты:** Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл күйін көтеру.

Көрнекілік: Музыка аспаптары, жағымды, баяу әуенді диск және табиғат көріністері бейнеленген сурет.

Уақыты: 5-7 минут.

Ұйымдастыру кезеңі: а) Мұғалімді жайлы креслоға отырғызып, еркін, ыңғайлы сезінуін қадағалау;

ә) Суретті мұғалімге қарама - қарсы іліп, оған зейін салып, мұқият қарауын өтіну;

б) Әуенді қосар алдында мұғалім көзін жұмуы тиіс.

Кіріспе сөз:

- Көз алдыңызға жана суретте көрген табиғатты елестетіңіз.
- Терең дем алып, әуеннің ырғағына зейін аударып менің сөздеріме мұқият құлақ салыңыз. Ал, ендеше, бастаймыз. (Музыка қосылады).
- Соқпақ жолмен жүріп келесіз ...
- Жол ұзақ, шаршадыңыз, шөлдедіңіз ...
- Кенет алдыңыздан ғажайып бақ көрінді ...
- Алма бағы ...
- Қып-қызыл алмалар қол созым жерде ...
- Сіз үзіп алып жей бастадыңыз ...
- Дәмі керемет ...
- Жеген сайын жегіңіз келеді ...
- Қалтаңыздан дорба алып алмаларды жинай бастадыңыз ...
- Күн кешкірді ... Қайту керек ... Бақтан шығып жолға түстіңіз ... Иығыңызда дорба ...
- Жүгіңіз ауыр. Жол бітер емес. «Тастап кетсем бе екен?» деген ой келді ...
- Сіз дорбаны емес, жалқау ойыңызды тастап кетіңіз ...
- Міне, қалашыққа да жеттіңіз ... Алдыңыздан қуана секіріп балаларыңыз шықты ...
- Оларға өзіңіз терген алмаларыңыздан үлестіре бастадыңыз ...
- Алма тергеніңіз мұншама абырой болар ма? Сізге балалар да, олардың ата-аналары да дән риза ...
- Балалардың бақытты күлкісі сіздің де көңіліңізді көкке көтерді! Қандай тамаша!

Музыка тоқтатылып, мұғалім көзін ашады. Оылайша олар өз әсерлерін бөліседі.

### **«Көңіл-күй» жаттығуы (тренинг-жаттығу).**

**Жүргізуші:** бүгін мен сендерді актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсетіңдер десем, соны бет-әлпеттеріңмен бейнелеулерің керек.

- Қабағы түйілген, ашулы адамның кейіпі;
- Қасқырдан қорыққан қоянның;
- Өлең айтып тұрған адамның сезімін көрсетіңіз;
- Ұядан түсіп қалған балапанның бейнесін көрсетіңіз;
- Мысықтан қорыққан тышқанның;
- Жәй күліп тұрған қыздың бейнесі;

- Қатты күліп тұрған қыздың бейнесі;
- Иттен қорыққан баланың бейнесі;
- Жылап тұрған баланың бейнесін көрсетіңіз.

***Тәрбие сағаты: Маңғыстау- қасиетті Жерұйығым!***

**Мақсаты:**

1. Оқушыларға әр тасы- ертегі, әр төбесі мен сайы аңыз болған қасиетті мекеніміз Маңғыстау тарихы таралы мағлұмат беру
2. Туған еліміздің мәдени-тарихи ескерткіштерін танып-білу, оқып-үйренуге баулу
3. Өз елін, жерін сүйуге, туған жеріміздегі аңыз болған қасиет иелерін құрметтеуге тәрбиелеу

**Көрнекілігі:** Маңғыстаудың физикалық, саяси-әкімшілік карталары, музыкалық құралдар, альбомдар, буклеттер, кітаптар.

**Түрі:** Альбом, буклеттермен экскурсия түрінде ұйымдастырылған танымдық, топтық тәрбие сағаты.

**Жүрісі:** Ұлан, Жерұйық, Аманат топтары арасындағы I-IV бөлімдер бойынша топтық жұмыстар сайысы басталады (Құрманғазы Сағырбаевтың «Адай» күйі ойналып тұрады).

***Тәрбие сағатының жүрісі:***

- I бөлім - «*Маңғыстау-қасиетті Жерұйығым!*» таным көкжиегі
- II бөлім - «*Мен құрағым болғанда, елім-бұлағым!*» шығарма жазу
- III бөлім - «*Мынау сайын далам- менің мекенім!*» сурет салу
- IV бөлім - «*Маңғыстау- жырлар жырым, айтар әнім!*» жыр, ән орындау

***Маңғыстау- қасиетті Жерұйығым!***

**Ұлан тобы:** Маңғыстау жері, географиялық орны, бөлінуі

1 - оқушы: Маңғыстау –Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік батысында Еуразия құрлығының ортасында, Еуропамен Азияның түйіскен жерінде орналасқан. Шеткі нүктелері батыста-Каспий теңізі, шығыста-Ақтөбе және Өзбекстан, оңтүстігі-облыстың Түркменстан шекарасындағы Қапылаңқыр шыңдарының жар қабағы, қиыр солтүстігі- Атырау облысындағы Желтау.

2 - оқушы: Тірек пен мақтан болған баршамызға,

Бөлекше орның сенің картамызда.

Маңғыстау деген кезде аруақтанып,

Жал бітіп кетеді ғой арқамызға.

3-оқушы: Маңғыстау облысы 1973 ж 20 наурызда Маңғышлақ деген атпен құрылып, 1988 ж 2 маусымда таратылып, 1990 ж 17 тамызда Маңғыстау болып қайта облыс орталығына айналды.

4-оқушы: Маңғыстау облысының ең биік нүктесі- Шығыс Қаратау жоталарындағы Бесшоқы тауы. Биіктігі теңіз деңгейінен 556м. Ал ең төменгі нүктесі-Қарақия немесе Батыр ойысының түбі. Ол теңіз деңгейінен 132 м. Бұл ойыс дүние жүзінде тереңдігі жөнінде бесінші орын алады.

5-оқушы: Облыс әкімшілік жағынан 2 қалалық маслихатқа және 4 әкімшілік ауданға бөлінеді. Картадан көрсету. Олар:

1. Ақтау
2. Жаңаөзен
3. Бейнеу ауданы (Бейнеу)
4. Қарағия ауданы ( Құрық)
5. Маңғыстау ауданы (Шетпе)
6. Түпқараған ауданы (Форт-Шевченко)

6- оқушы: Маңғыстау қазақ елінің кең дүниеге ашқан теңіз қақпасы. Ол арқылы Иран, Әзербайжан және Ресеймен байланыс жасалады. Еділ-Дон каналы арқылы дүниежүзілік мұхитқа шығуға болады.

*Жерұйық тобы: Ашық аспан мұражайы сыр шертеді*

1-оқушы: Халық сеніміне ие болған, табиғи қасиеттері мен қабілеттері және кісіліктерімен дараланған талант иелері өздеріне табынуға әкелген ерекше жандар тарыққанда демеу, қорыққанда сүйеу болған адамгершілігі асқан даналарын құрметтеп ашық аспан астын мұражайға айналдырған 362 әулиелі жеріміз -тұнып тұрған шежіре.

2-оқушы: Маңғыстауды мекен еткен Адай ұлысы әр уақытта өз перзенті Бекет Ата рухына сыйынған, қасиетіне табынған. «Жар бола гөр, Бекет Ата!»деп ел қорғаған батырлары жауға шапқан.

Бекет Ата 1750-1813 ж өмір сүрген. Діни сауатты, мешіт ұстап, бала оқытқан. Ерекше қасиет иесі Бекеттің қасиетіне сыйынып, табыну дәстүрлерін көптеп айтуға болады.

3-оқушы: Ер,Бекет,ұлысымның ұранысың,  
Сыйынар қиын кезде пырағысың.  
Өтсе де он сан ғасыр мәңгі жасап,  
Жарылғап ұрпағыңды тұраың шын!

4-оқушы: Басыңа келдім жағайыншы деп жасыл от,  
Төбемнен менің тірліктің дәнін тасып өт.  
Жұртыңды жебеп,халқыңды демеп жатырсың,  
Үш ғасыр бойы «Үш жүз алпыстың» басы боп.

5- оқушы: Бекбаулы ата –Бекет атамен қатар өмір сүрген, Жыңғылды ауылының Ұланақ жерінде қойылған, шоңай ұрпағы, сынықшы болған. Сынықты күнілгері сезіп, сынықшылық өнердің сан алуан сырларын меңгеріп, халық құрметіне бөленген- қасиет иесі. Оның зиратына мінәжат етіп, жанына шипа сұраушылар көп.

6- оқушы: Құлбарақ ата қауымы -Тиген жерінде беріш руынан шыққан өз елін қорғаған батыр, әрі әулие болған қасиет иесіне арналған киелі қорым. Денесі осында, басы Хиуадағы Махмут палуан күмбезінде жатса да барша халқын рухымен қорғап, қолдайды, демеу болады.

7-оқушы: Қамысбай қорымы Шетпе маңында орналасқан. Жанына демеу, ауруына шипа іздеген қаріп-қасерді өз рухымен желеуші.

Мынау жатқан қарқаралы құба дөң,

Қасиетті салтанатты бар әлем,

Мұнда Адайдың Алыптары көк тіреп,

Аспан- жерді жалғастырған дұғамен.

8-оқушы: Құлпытастар, ата-баба тік тұрған,

Мәңгі өлместі, һәм келместі ұқтырған.

Мұндай сұлу, мұңды қала көрмедім,

Ашық күнде айдарына бұлт тұрған.

*Аманат тобы:* Жаңғырған дәстүр-салтымның,

Түзелсін бұлақ жалғасы!

1-оқушы: Білсін де дүние, білсін көк,

Сырларын ұғып, үйренсең.

Сан түрлі дәстүр, салтым көп,

Санана сақтап, түйсең сен.

2-оқушы: Ақ алып шығу- салт. Ақ сүт өнімдері: айран, сүт, қымыз т б. Ақ -адалдық ұғымды білдіреді. Ауылға келген көш алдына ақ алып шығу «Осы ақтай таза болайық.» деген тілекті білдіреді. Келген қонақ риза болып, құрметпен бас иеді.

3-оқушы: Бала- ұлт болашағы. Ата-ананың бауыр еті, ұрпақ жалғастығы. Сол бала өмірге келген күннен адамгершілікке, адалдыққа, жақсылыққа үндеп, сана-сезімін дамытуды көздейтін дәстүр- салт , әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар қатар көрініс береді.

4-оқушы: Бата беру-дәстүр. Бата- ақ тілеудің белгісі. Ол кез-келген жерде айтыла бермейтін- қасиетті рухани ұғым. Ең жақсысы «Ақ бата» Оның тәрбиелік мәні зор. Адамды ізгілікке, парасаттылыққа, адалдыққа, мейірімділікке баулиды. Бата-ұлы қасиеттерге бастама: Көркем сөзбен де, өлеңмен, жырмен, тақпақпен, шешендік тілмен де беріледі. Батаны құрметті, елге сыйлы адамдар, ақсақалды қариялар береді.

5-оқушы: Дерт көшіру-ырым. Ертеде ел басынан неше түрлі қиын жағдайлар өтпеді. Сол кезеңдерде емін таба алмаған ауруларды «Көш, көш-деп біз кетелік, жүр, кетелік. Күләптің көшіп кетсін қалмай бәрі»деп ауыл үлкендері мен жастары ырымдаған.

6-оқушы: Наурыз – шат-шадыман ойын-сауық той басы,шығыс халықтарының ұлттық мейрамы, көктем мен еңбек мейрамы. Ұлыс күні кәрі жас құшақтасып көріседі. Самарқанның көк тасы еритін бұл күні ашу-аразды қойып, татулық бой түзейді.

Маңғыстауда «Амал» деп тойланатын бұл мерекеде 7 түрлі дәм салып наурыз көже пісіріледі, сол дәмді тауысып ішкеннің ырыс- несібесі мол болады деп сендірген.

*Таным көкжиегі бойынша айтылған түсініктеріне алғыс айтып келесі бөлімге көшу.*

II - бөлім **«Мен құрағы болғанда, елім-бұлағым!»** шығарма жазу.

Жазылған шығармаларын оқытып, туған елге теген сүйіспеншілік сезімдеріне шабыт тілеу.

III - бөлім **«Мынау сайын далам- менің мекенім!»** сурет салу

*Туған өлкенің тамаша келбетін суреттеушілерге шалқар көңіл мен сәтті қадамына оң жол айт.у*

IV- бөлім **«Маңғыстау- жырлар жырым, айтар әнім!»** жыр, ән орындау.

*Туған жер туралы жырлаған ақын-жазушылар шығармаларын түсініп оқып, өз ойын қосуга ән орындауға шақыру, табыс тілеу.*

**Қорыту:** *Ұланым, Жерұйығың ата-баба мұрасы мен мәдениеті, тарихы саған Аманат!*

Пай, пай, пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер.

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,

Сарылып сал-сері кепкен жер

Бас иіп, иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпендер!

Кеш соңында студенттер өз командаларымен «Маңғыстау маржандары», «Ақтауым», «Ұшады Маңғыстаудан шағалалар» т.б. ән-күйлерін орындап, өзара сайысқа түседі. Жарыс соңында жеңімпаз топ анықталып, марапатталады.

**Тәрбие сағаты: «Найзасыз ер болмайды,  
Таңбасыз ел болмайды»**



**Мақсаты:** Егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мән-мағынасымен, идеялық мазмұнымен таныстыру. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге үйрету.

Тәуелсіз еліміздің ұлт екенін сипаттайтын айғақтарға талдау жасай отырып, дүниетанымын кеңейту.

Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Мемлекеттік рәміздер бейнеленген плакаттар, буклет, интерактивтік тақта т.б.

**Жүргізуші:**

Қайырлы күн ұлағатты ұстаздар мен оқушылар. Бүгінгі АП -12 тобымен өткізгелі отырған «Найзасыз ер болмайды, Таңбасыз ел болмайды» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

Тәрбие сағатымызды бимен ашалық. Ортаға мың бұралған Сақиева Ұлболсынды «Той бастар» атты биімен ортаға шақырамыз.

Тарих еншісіне айналған ХХ ғасырдың соңында қазақ елінің аңсаған арманына қолы жетіп, егемен ел болдық. Ата-бабамыз найзаның ұшы, білектің күшімен жаудан қорғап қалған қазақ жерінде егемен елдің көк байрағы желбіреді. Тәуелсіздік бүкіл әлемге жер шарында «қазақ» деген ұлттың, «Қазақстан» деген мемлекеттің бар екенін жариялауға мүмкіндік берді. Тәуелсіздік деп бір сөзбен айтқанмен, оның астарында азаттық, бостандық, еркіндікті білдіретін үлкен мағына жатыр.

Тәуелсіздіктің арқасында Туымыз, Әнұранымыз, өз Елтаңбамыз бар, әлем танытын елге айналдық.

Міне, бүгін өлген туым тірілді

Әнұраным жалғап алды ғұмырды

Босағада қалып келген Елтаңба

Баяғыша төріме кеп ілінді...

дей келе оқушыларымызды рәміздеріміз туралы өлеңдерімен ортаға шақырамыз.

**Халелова Анар:**

Бәрі болған қазақ сынды көне елде,

Ел белгі де, ерлік, өрлік, өнер де.

Жаһандағы ең жауынгер халықта,

Кім сенеді ту болмады дегенге.

Батырлыққа уызынан жарыған,

Ер түркіні байрағынан таныған,

Өзі ақын, өзі әнші халықта,

Кім айта алар, болмаған деп Әнұран.

Бас білгізіп жер тарпыған тарпаңға,

Жасы тұрмақ шығады екен қарты аңға,  
Қалай оның Елтаңбасы болмайды,  
Түлігіне дейін салса егер ен таңба.



Musik: Шәмші Қалдаяқов  
Text: Жүмекен Нәжімеденов, revidiert von Нұрсұлтан Назарбаев

**Maestoso**

1. Ал - тын күн ас - па - ны, Ал - тын дән да - ла -  
2. Ұр - пақ - қа жол аш - қаң, Кең - бай - тақ же - рім -

сы, Ер - лік - тің да - ста - ны, Е - лі - ме қа - ра -  
бар. Бір - лі - гі жа - рас - қаң, Тә - уел - сіз е - - лім -

шы! Е - жел - ден ер - - де - ген, Даң - қы - мыз шық - ты  
бар. Қар - сы ал - ган уа - қыт - ты, Мәң - гі - лік до - сын -

ғой, На - мы - сын бер - - ме - ген, Қа - за - ғым мық - - ты ғой!  
дай. Біз - дің ел ба - - қыт - ты, Біз - дің ел о - - сын - дай!

**CHORUS**

Ме - нің е - лім, ме - - нің е - лім, Гү - лің бо - лып  
е - - ті - ле - мін, Жы - рың бо - лып то - ті - ле мін, е - лім!  
Ту - ган же - рім ме - нің - Қа - зақ - с - та - ным!

### Аметова Гүлжайнар:

Иә, қазақ халқының хандар дәуіріндегі рәміздер тарихына көз жіберсек, қазақ хандары өздері көтерген және нығайтқан биіктерін паш еткен. Қазақ халқының тұтастығын, тәуелсіздігін көрсететін тулары болған.

Солардың ішінде Абылай ханның ақ туынан хабардармыз. 552 – 743 жылдары өмір сүрген Түрік қағанаты мемлекетінің бөрінің басы бейнеленген көк аспан түстес туы болғанын Сүйінбай Аронұлы тебірене жырлаған.

### Ермекова Гаухар:

Бөрілі байрақ астында,  
Бөгеліп көрген жан емен.  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен.  
Бөрілі найза ұстасам,  
Түйремей кеткен жан емен.  
Бөрілі байрақ құласа,

Күремей кеткен жан емен.

**Дауіт Ақбөбек:**

Бәрі де тұр жазулы сенде, Байрақ  
Дәл қазір желбіреген желмен ойнап  
Үстінде Ақ Орданың жалғыз жалау  
Аспанның елшісіндей келген жайнап.  
Шарықта, шарла көкте, көк Байрағым  
Арманым, азаттығым, көпке айғағым.  
Мен сенің салттанатты сағағыңа  
Өлеңнен алтын шашақ шоқ байладым.

**Жүргізуші:**

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Әсем ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсен менше сүй,-

дегендей Сақиева Ұлболсынның орындауындағы «Қазақстан» әнін қабыл алыңыздар.

- Рахмет. Ендігі кезекте оқушыларымызды өз өлеңдерімен ортаға шақырамыз.

**Тілепова Толғанай:**

Кең - байтақ, Ұлан - асыр Қазақстан,  
Құшағыңа күн сиған неткен кең ең!  
Қиянат жасаса да қара жүрек,  
Мейіріммен қарап тек күлімдеген.  
Күмәндана қарйтын кейбір пақыр,  
«Елдігіңнің белгісі қайсы?» десе,  
«Елтаңба, Әнұраным, Туым» дер ем.  
Сол қазақтың ұпағы - тұяғымыз,  
Сусындаған бал қымыз суыңменен.

**Тоқтабаева Дариға:**

Менің Отаным бақыт жолында.  
Отаным менің - өмірімнің айғағы,  
Бұзылмаған ел ғой әлі қаймағы.  
Балалық жас, лүпілдеген жүректі,  
Желбіретті. Отан қанат жайғаны.

Отаным менің кең – байтақ Қазақстан,  
Аман өткен талай дүлей азаттан.  
Бар әлемді өз аузына қаратқан  
Кім бар қане арттық дейтін Қазақстан.  
О, Отаным! Қанынымын қашанда,  
Өзіңменен өмірім, өзің де балаң ойында  
Болашағың күлімдеген ертенгі  
Отан ана мына менің мойнымда.

*Еліміздің басқа елдермен достастығының айғағы.*

### **Бопилова Жадыра**

Тәуелсіздік – қазақтығы қазақтың,  
Тәуелсіздік – жойылуы азаптың.  
Биіктей бер, асқақтап жомарт халқым,  
Өркендей түс, аяқталды тозақ күн.  
Жерімнің жаңарды да бас қаласы,  
Көркейді кербез сұлу Астанасы.  
Өркендеп өрлей түсті мәдениет,  
Жаңғырып, асқақтады әдебиет.  
Қазақстан – асыл анам, алтын анам, тірегім,  
Саған деген махаббатқа толы менің жүрегім.  
Туған жерім – тәуелсіздік Қазақстан бесігім,  
Өркендету – басты арман – тілегім.

### **Жүргізуші:**

Ортаға өзінің биімен Сақиева Ұлболсынды шақырамыз.

- Рахмет. Рәміздеріміз Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, Шаңырақ, Қос пырақ, бесбұрышты жұлдыз туралы баяндап беруге Халелова Анарды ортаға шақырамыз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында ресми сипаттауына сәйкес, көгілдір түс аясында күн сәулесі түрінде жан-жаққа шашыраған уықтары бар шаңырақ бейнеленген.

Елтаңбаның оң және сол жағында алтын қанатты қос тұлпар бейнеленген. Елтаңбаның жоғарға жағының ортасында бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаны әрлеуде түрлі түсті екі түс қолданылған- алтын және көгілдір түс.

Мемлекеттік елтаңбаның барлық бөлшектері - шаңырақ уықтарымен – барлық қазақстандықтардың өмірін ортақ үйде бейнелейтін үйлесімде

орналасқан. Қазақстанда тұратын барлық адамдардың ортақ Отанының бейнесі.

Ондағы бақыт, шаңырақтың мықтылығы уықтарының беріктігіне байланысты. Мемлекеттің болашағы азаматтардың бірлігі мен келісіміне ортақ үйдің ортақ игілігін күшейтуге байланысты.

Шаңырақ сөзі санскритте «дөңгелек», ал философиялық мағынада «Күн дөңгелегі» дегенді білдіретін «чакра» сөзінен шығады. Сондықтан шаңырақ даланың өзіндік уақыт өлшеуіші – Күн қозғалысы жылдамдығының көрсеткіші болуы тегін емес, шаңырақтағы белгіге қарап күннің қай уақыты болғанын анықтайтын болған.

Аңыздағы қанатты аттар – тұлпар бейнесі – мемлекеттік елтаңбадағы тұлпардың маңызды геральдикалық юөлшегі болып табылады және белгілі бір идеяны жеткізуші рөлін атқарады. Тұлпар бейнесі ежелден бері батырлық пен ерік, жігер сияқты ұғымдарды береді.

Қанатты- көп ұлтты Қазақстан халқының күшті гүлденген мемлекет құру туралы арманын рәміздейді. Олар ақ ниетпен қоғамда табиғатпен және әлемдік өркениетпен үйлесімділікті жетілдіруге, жоғары мақсаттар мен дамуға жетуге ұмтылуын көрсетеді. Мүйіздің де рәміздік мәні бар. Мүйіз түріндегі бейнелер мен кескіндер бұрынғы діни ырымдарда және әскери жалаудың ұштары ретінде қолданылған.

Қыран қанатты тұлпар белгісі сырттан желеп-жебеп жүретін қасиетті қолдаушы ретінде мүйіз туралы қиял-ғажайып ертегілері, аңыз-әпсаналар мен жырлар қазақ халқында баршылық.



Қазақстан Республикасының Елтаңбасы.

### **Жүргізуші:**

Желбіреген жалауымыз туралы баяндайтын Тілепова Толғанай.

Туымыздың негізгі түсі – көгілдір түс. Ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тікбұрышты көгілдір мата. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлар кескінделген тік жолақ өрнектелген. Бұл элементтердің барлығында бейнесі – алтын түстес.

Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды білдіреді. Алтын – күш, құдіреттілік, байлық, тұрақтылық, атақтылық, даналық, адалдық, кіршіксіздіктің белгісі. Сонымен қатар бұл түс аспан мен ауаға сәйкес келеді.

Күн – Бүкіл әлемнің негізгі аспан шырағы, ғаламшардағы тіршілік энергиясының жалғыз көзі. Ол барлық халықтар үшін қасиетті және бүкіл адамзатқа тиесілі. Өзінің мемлекеттік атрибутикасында бейнелеп, Қазақстан жалпы адамдық құндылықтардың және әлемдік қоғамдастық жолын қуып,

жаңа жас мемлекет өмірлік күшке толы және ынтымақтастық үшін әлемнің барлық елдеріне ашық екенін қуаттайды.

Мемлекеттік тудың тағы бір бөлшегі – қыран бейнесі. Ол ежелден көптеген халықтардың туы мен елтаңбаларында қолданылып келеді. Бұл бейне – билік, қырағылық, қайырымдылық белгісі.

Біздің отанымыздың туында бұл бейне жаңа көркем шешім тапқан және оның өзіндік ерекшелігі бар.

Біріншіден, суреттің тыныш бейнесі көзге түседі. Біз үшін оның күші, төзімділігі, қырағылығы және кез келген сынақта батырлығы маңызды.

Екіншіден, ол күннің астында орналастырылған және өзінің қанатымен Прометей алауын, Бақыт нұрын алып келе жатқандай.

Үшіншіден, ол қозғалыста, өзінің ежелгі мақсатына ұшып келеді. Осыдан біздің халқымыздың бақытқа, берекеге, адамдық өркениеттің биігіне ұмтылысы көрсетіледі.

Мемлекеттік тудың тағы бір элементі – оның сабына таяу тұсында тік тартылған ұлттық өрнекті жолақ. Онда «қошқар мүйіз» деп аталатын қазақы өрнек ойылған. Өрнек – халқымыздың қолданбалы өнерінен жеткен ең ұлы табыстарымыздың бірі. Оның түп бейнесі – нақты заттар мен қоршаған орта құбылыстары.



### **Жүргізуші:**

Арайлы азаттықтың нұрын күшқан,

Шолпандай жарқыраған күншығыстан.

Тәуелсіз Қазақстан – туған елім,

Досы көп, бата алмайды бір де дұшпан –

деп жырлағандай, Тәуелсіздік дегеніміз – рухани тылсым. Тәуелсіз ел болу дегеніміз не? Оның мағынасы, осы қасиетті ұғым бізге не береді?

«Найсыз ер болмайды, Таңбасыз ел болмайды» дегенді қалай түсінесіздер? Қай жылы егеменді еліміздің рәміздері бекітілді?

### **Жүргізуші:**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын өзгерту, композитор Ш. Қалдаяқов пен ақын Жүмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әнінің Президентіміз Н. Назарбаевтың қолымен түзетілген нұсқасымен ауыстыру

жайы (2006 жылдың бқаңтарда) Парламентте қаралып, бірауыздан қабылданып бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылық толық хабардар болды.

Хор: Ш. Қалдаяқов пен ақын Жүмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әні  
(Әнұран орындалады).

- Рахмет. Ендігі сөз кезегін ұстаздарымызға берейік.

**Жүргізуші:**

Ел тарихы, жер тарихы өзіміз,

Болашақтың қасиетті көзіміз.

Барлық ұлтпен бауырласып жетерміз,

Ақ-қараны тілеп тұрса сөзіміз, -

дегендей елімізде бейбітшілік, тыныштық болып, Егеменді еліміз ұзағынан болсын деп тілейміз.

### Пайдаланган әдебиеттер:

1. Ұлттық энциклопедия, Алматы, 2003жыл
2. «Мәдени мұра» бағдарламасы, Алматы, 2007/08жж
3. Музыкальное воспитание в школе. Апраксина О.А Вып.15.-М.,1982.
4. Сухомлинский В.А. Слово о слове// Избр. произведения: в 5-и т. Т.5. Киев, 1977
5. Шкаляр Л.В. Музыкальное образование в школе. Уч. пособие. М.:Изд. «Академия», -2001
6. Кабалевский Д.Б. Как Рассказывать детям о музыке.-М., Советский композитор, 1982
7. Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения.-М., 1975
8. Леонтьев А.А. Психологические механизмы и пути воспитания умений публичной речи.-М., 1974.
9. Назаров А.Ф. Сущность педагогической импровизации и ее место в структуре личности учителя музыки// Саратов, 1986
10. Гродзенская Н.Л. Беседы о музыке на уроках// Муз. воспитание в школе.- М.: 1975
11. Жәрдемәлиева М.Р. Совершенствование приемов формулирования вопросов в методической подготовке учителя музыки// В сб.: Мет. рекомендации по вопросам преподавания музыки.- Алматы, 1986
12. Бобылев Б.Г. Стилистика художественн. текста.- Алматы: Мектеп, 1983
13. Калугина М., Халабузарь П. Воспитание творческих навыков на уроках сольфеджио. М., «Советский композитор», 1997.
14. Королева И.А. Музыка в сказках, стихах и картинках. М., «Прсвещение», 1994.
15. Васенина К.В. Проблема слова в пении в кн.: Вопросы вокальной педагогики. Выпуск 4 . Музыка, М., 1969.
16. Сорокин Ю.А. Культура, общение, текст.-М.: Знание, 1998
17. Станкин М.И. Профессиональные способности педагога. М., 1998.
18. Венгер Л.А. Педагогика способностей. М., 1973.
19. Готсдинер А.Л. К проблеме многосторонних способностей // 1991. № 4
20. Теплов Б.М. Психология музыкальных способностей. Изб. труды М 1985.
21. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. С-Пб., 1999.
22. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьников. М., 2000.
23. Питяков В.Ю. Основы педагогической технологии. М., 1997.
24. Хрестоматия к учебнику «Музыка». Для 1-4 кл. общ. школы. Алматы, 1998-2001.
25. Музыка теориясының негізі. Ә.Ә. Әбдікәрімов. Алматы, 2007ж.
26. Школяр Л. В. Музыкальное образование в школе. – М.: Дрофа, 2002.
27. Музыка. 1 класс четырехлетней начальной школы: 1-3 классы трехлетней начальной школы. Под. науч. рук. Д. Б. Кабалевского; 5-8 классы - М., 1994.
28. Алиев Ю. Б. Настольная книга школьного учителя-музыканта. – М, 2000.
29. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат, 1991, Өнер. - 131б.
30. Зелинский Г. Қазақ салт дәстүрлері, 1995. – 129 б.
31. Алекторов А.Е. Киргизская хрестматия. - Оренбург, 1898, Часть 1. – 79



32. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1986. – 428 б.
33. Готсдинер А. Л. Музыкальная психология. – М.: Белые альвы, 1993.
34. Дьячкова Л. М. Инновационные формы работы на уроках музыки. 2004.
35. Кабалевский Д. Б. Как рассказывать детям о музыке. – М.: Спарк, 1999.
36. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың дәстүрлі көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалімдерін даярлау:– Алматы, 2000.
37. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. - Алматы, 1971. - Б.45-46.
38. Қорқыт ата. Таңдамалы шығармалар, Алматы -1988ж
39. М.Төлебаев, Балтабаев М.Х. Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры– Алматы, 1978.
40. Балтабаев М.Х. “Елім-ай” Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің 1-4 класс оқушыларына арналған “Елім-ай” ән-күй” сабағының бағдарламасы. – Алматы:РБК, 1993. – 68 с.
41. Кұлманова Ш.Б., Оразалиева М. Жалпы орта білім беретін мектептің 1-4 сыныптарына арналған бағдарламалар. Алматы, 2003.
42. Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 1990. – 30 б



Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 67 бет 5,6 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.